Кіріктірілген білім негізінде оқушылардың білімі критериалды бағаланады. Критериалды бағалау дегеніміз – оқушының білімі мен білігін алдын ала белгіленген оқу жетістіктерімен салыстыра оқыту, соның негізінде оқушыны бағалау. Критериалды бағалау кезінде алдын-ала бағалау шкаласы белгіленіп, оқушының алдына соған жету жоспары қойылады. Бағалаудың мұндай жүйесі білім алушының кемшіліктерін өзіне түзетуіне мүмкіндік береді, оқушының өзін-өзі және өзгені бақылауына, бағалауына мүмкіндік туғызады, бағаның айқындылығын, адалдығын сақтайды, оқушының сабақ үрдісінде өткен тақырыпты қалай түсінгендігін мұғалімге күнделікті саралап отыруына жағдай жасайды. Осының барлығының негізінде мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланыс бағалаудың жалпы негізін ашады. Яғни, критериалды бағалау оқыту – тәрбиелеу, дамыту, ынталандыру тәрттігін басшылыққа алады.

Әлемде білім беру ісінің нәтижесін бағалай білудің өзіндік тәжірибесі қалыптасқаны белгілі. Бұл ретте біз үшін оқушының қаншалықты білім алғандығы емес, оның алған білімін өмірлік тәжірибеде қаншалықты пайдалана алатындығы маңызды болып отыр. Ал біздің еліміздегі білім жүйесінде басым жағдайда оқушылар өздерінің алған теориялық білім деңгейімен бағаланып, сонымен ғана шектеліп жататыны белгілі. Осы орайда оқушы білімін критериалды бағалау - педагогтарға нақтылық алып келетін бірден-бір жүйе.

Қазіргі таңда Зияткерлік мектептердің білім беру бағдарламасы ұлттық және халықаралық тәжірибелердің ең үздік үлгілерін кіріктіруді көздейді. Осы мақсатта Зияткерлік мектептердің үздік практик мұғалімдері мен стратегиялық әріптесіміз – Кембридждің Халықаралық емтихандық кеңесінің кеңесшілері бірігіп, Кіріктірілген білім беру бағдарламасын яғни жаңа бағдарлама жасап шығарды.

Кіріктірілген білім бағдарламасының алға қойған мақсаты айқын, бағдары жүйелі. Зиялы азаматты – сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан және жаңашыл ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын адамды тәрбиелеуге ұмтылатын білім беру бағдарламасында тәрбие мен оқыту ажырамас байланыста болады.

Кіріктірілген бағдарлама бірнеше құндылықты негізге алады. Олар:

- құрмет;
- әріптестік;
- азаматтық жауапкершілік қалыптастыру ;
- ашықтық ;
- өмір бойы білім алу;

Белгіленген құндылықтар аясындағы мектептердің мақсаты – жоғары білімді, шығармашыл адамның үйлесімді тұлғаланып, дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін жасау.

Кіріктірілген білім бағдарламасымен білім алған мектеп түлегі кең ауқымды дағдыларға ие болады. Нақтырақ айтқанда:

- сын тұрғысынан ойлау;
- білімін шығармашылықпен пайдалана білу;
- зерттеушілік дағдылары;

- АКТ дағдылары;
- топта және жеке шебер жұмыс істей білуі;
- коммуникативтік дағдылары (тілдік дағдыларын қоса алғанда);
- қойылған міндеттер мен күрделі мәселелерді шеше білу дағдылары секілді бірнеше дағдылар қалыптасады.

Кіріктірілген білім беру бағдарламасын табысты жүзеге асыру үшін белсенді оқыту, командалық оқыту, пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту (CLIL), т.б. озық педагогикалық әдістерді қолдану талап етіледі.

Кіріктіріп оқыту (CLIL) дегенде ең алдымен сабақтарда пәнаралық байланыстарды қалыптастыруды қарастыру маңызды екені ескеріледі, яғни CLIL технологиясы шетел тілін басқа пәндерді оқытудың қажетті құралы ретінде қарастырылады. Егер дәстүрлі сабақ оқушыларды біліммен қаруландыруға және негізінен түсіндіру-көрнекілік жұмыстарын жүргізу арқылы құрылатын жалпы білім беру міндеттерін шешуге бағытталған болса, ал кіріктірілген сабақтар оқытудың түрлі әдістерінің және құралдарының үйлесуі негізінде құрылып, сонымен қатар ғылыми-жаратылыстану бағыты пәндері мен ағылшын тілі пәнінің көптеген міндеттерін шешуге ықпал етеді. Кіріктіру барысында түсіндіру-көрнекілік, іздеу, зерттеу әдістері, пікірталас, білімнің түрлі дереккөздері, теледидар бағдарламалары, кино үзінділері, мультимедиа курстары, интернет-технологиялары, оқыту мен бақылаудың басқада техникалық құралдары қолданылады. Сонымен қатар жеке, топтық, жұптық, ұжымдық жұмыс түрлері кеңінен қолданылады. Бұндай сабақтарда танымдық міндеттер жүзеге асырылып, оқушылардың шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға көп мүмкіндік беріліп жағдай жасалады. Тіл мен пәнді кіріктіріп оқытудың тағы бір ұтымды тұсы- тілдік іс-әрекеттің төрт түрін де (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) меңгеруге бағытталған. Ғылыми-жаратылыстану бағытындағы пәндерді оқыту контексінде Қазақстандағы мақсатты тіл – ағылшын тілі болып саналатынын ескере келсек, кіріктіріп оқытуда негізгі орынды ағылшын тілі сабақтары алады, яғни қандай пәндерді болмасын кіріктіре оқыту барысында ағылшын тілі маңызды болып саналады. Тілді үйрену кез келген пән саласы арқылы жүргізіледі деген ұғымды ескерсек, CLIL шетел тілі сабағы емес, шетел тілінде өтетін пән сабағы, яғни кәсіби бағытталған шетел тілі/ ағылшын тілі.

Жалпы, тіл мен пәнді үйлестіре отырып, пәнаралық байланысты жүзеге асырып оқыту когнитивтік дамуды жүзеге асыруға көп жағдай жасайды. Ал үйренушінің білімді меңгеруге ұмтылудың алғашқы қадамы танымдық қабілетін қалыптастырудан бастау алады. Оқыту үрдісіне кіріктіре оқытуды енгізу — ең алдымен, оқушының сабақ үстінде дамуы мен оның психологиялық жағдайын ескере отырып, оқытуды нығайту мүмкіншіліктеріне бағытталған. Ағылшын тілін жаратылыстану бағытындағы пәндермен кіріктіріп оқыту арқылы оқушыларды білім алуға қызығушылықтарын арттыруға, оларды ғылыми тіл дағдыларын дамытуға, терминдерді ана тілінде ғана емес, ағылшын тіліндегі баламасын қолдануға және олардың ағылшын тілінде сауатты түрде «Үштілділік» ұлттық жоба аясында білімін дамытуға болады. Сонымен бұл әдіс оқушылардың тіларалық қарым-қатынас қажеттілігі мен мүмкіндіктерін ана тілінде ойлануларына жағдай жасап қана қоймай, бір мезгілде екі пәнді бірдей оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ағылшын тілін жаратылыстану бағыты пәндерімен кіріктіріп оқыту барысында қолданылатын жұмыс түрлерін атап көрсетер болсақ, олар:

1. «Психологиялық атмосфера» қалыптастыру — Кез келген сабақта, үйренушілердің жаңа тақырыпты меңгеріп, сабақта белсенділік танытып отыруларына оңды ықпал ететін жағдай – олардың көңіл-күйлеріне позитивті әсер етіп, ынталарын арттыратын жаттығу түрлерін алу.
2. «Миға шабуыл» тәсілі арқылы логикалық жұмыс түрлерін жаңа тақырыпқа кіріспе барысында да, пысықтау жұмыстарын жүргізу кезінде де алып отырған үйренушінің танымдық қабілетін арттыруға көмегі тиері даусыз.

3. Жеке немесе топтық жоба арқылы студенттердің бір-бірімен тілдесуін дамыту бойынша жаттығулар орындау;
  4. Жаңа мәтіндермен жұмыстар жасау;
  5. Түрлі жарыс түрлерін ұйымдастырып отыру;
- бәсекелестікке қабілеттілікке баулудың, күзiреттіліктерiн қалыптастыруға алып баратын жаттығулардың оңтайлы түрi.

Қолданылатын мәлімет көлемін түрлендіріп, арттырып отыру оқушылардың қызығушылықтарын арттырумен қатар, олардың дүниетанымын кеңейтіп, тіпті жаңа әдіс-тәсілдердің пайда болуына да апарып соқтыруы мүмкін.

6. Слайдтар қолдану – пәнді шетел тілінде үйрету барысында, түрлі суреттер қолдану арқылы алынып жатқан жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің қазақ тіліндегі баламасын оп-оңай табуға болады. Бұл ағылшын тілі мен жаратылыстану пәндер мазмұнының түйісу шегін анықтауға мүмкіндік береді.
7. Тақырыпқа байланысты түрлі терминдерді меңгеруге дағдыландыру үйренушілердің сөздік қорын байытып қана қоймай, сонымен қатар білім берушінің алдына қойған мақсатына жетуіне оңды ықпал етеді.

Ағылшын тілін кіріктіре оқыту әдісі арқылы үйренудің және үйретудің басты артықшылығы, тілді тіларалық және мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, кәсіби бағытталған тіл ретінде меңгеруде маңызы зор болып отыр.

Бұл оқушылардың немесе студенттердің халықаралық жобаларға қатысуын қалыптастырып, кеңейтуге, шетелдік әріптестерімен ғылыми байланыстар жасап, оларды нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізіп қана қоймай, оларды еркін пайдалана алатындай жағдайға қол жеткізулеріне мүмкіндік береді.

Оқу технологиясын қолданудың мақсаты: кіріктірілген оқыту пәнаралық коммуникацияларды кеңінен қолдану арқылы сабақ жүргізуді қамтиды. Кіріктірілген сыныптардың құрылымы ашық сабақты, ықшам, қысқаша, сабақтың әр кезеңінде оқу материалының логикалық өзара байланысы және материалдың үлкен ақпараттық қабілетімен ерекшеленеді.

Қорыта айтқанда, білім беру мазмұнын жаңарту негіздерінің бірі, үштілді білім беруде заманауи CLIL әдісін белсенді қолдану өте тиімді және жақсы нәтиже берері сөзсіз.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер*

1. Ляховицкий М. В. Методика преподавания иностранных языков. - М.: Высшая школа, 1981-17-23с.
2. Пассов С. И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению: 2-е изд. - М.: Просвещение, 1991-444с.
3. Перкас С.В. Подготовка иноязычного текста для аудирования. // Иностр. яз. в shk. - 1974. - № 512с.
4. Фоломкина К. С. О работе над компонентами чтения. // Иностр. яз. в shk. - 1997.- № 12-20с.
5. Хегбольд П. Изучение иностранных языков. - М.: Просвещение, 1963-89с.
6. Әбдіғалиев Қ. Осы заманғы педагогикалық технология // Қазақстан мектебі. – 2001. – №2. – б.48.
7. Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии. – М., 1995-538с.
8. Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Алматы, 1999-36.
9. Жанпейісова М. Модульдік оқыту технологиясы. Алматы, 2002-69б
10. Кларин М.В. Педагогическая технология в учебном процессе. – М.: Знание, 1989. – 17 с.

## **МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖӘНЕ АУДАРМА МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ И ПЕРЕВОД INTERCULTURAL COMMUNICATION AND TRANSLATION**

**МРНТИ: 16.01.45**

*Аширова Б.С<sup>1</sup>*  
*КазНПУ им.Абая*  
*<sup>1</sup> К.ф.н., преподаватель*

### **ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА ТЕКСТОВ, ОРИЕНТИРОВАННЫХ НА ФОРМУ**

#### *Аннотация*

В этой статье автор попытался указать на способы адекватного перевода. Текст есть, прежде всего, понятие коммуникативное. Как речевая реализация авторского замысла и коммуникативная единица самого высшего уровня понимается текст с его функциональной стороны и может быть реализован как в письменной, так и в устной форме.

**Ключевые слова:** перевод текста, ориентирование, реализация, коммуникативный.

*Б.С<sup>1</sup> Аширова*  
*Абай атындағы ҚазҰПУ*  
*<sup>1</sup>ф.ғ.к., оқытушы*

### **ФОРМАҒА БАҒЫТТАЛҒАН МӘТІНДЕРДІ АУДАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

#### *Аңдатпа*

Бұл мақалада автор адекватты аударма тәсілдерін көрсетуге тырысты. Мәтін, ең алдымен, коммуникативтік ұғым. Авторлық ойды сөйлеу арқылы жүзеге асыру және жоғары деңгейдегі коммуникативтік бірлік оның функционалдық жағынан мәтін түсініледі және жазбаша түрде де, ауызша да іске асырылуы мүмкін.

**Түйін сөздер:** мәтін аудару, бағдар, жүзеге асыру, коммуникативтік.

*Ahirova B.S<sup>1</sup>*  
*KazNPU Abay*  
*<sup>1</sup>Candidate of philological sciences, teacher*

### **PROBLEMS OF TRANSLATION OF TEXTS FOCUSED ON THE FORM**

#### *Abstract*

In this article, the author tried to point to the ways of adequate translation. The text is, first of all, a communicative concept. As a speech realization of the author's idea and communicative unit of the highest level, the text is understood from its functional side and can be realized both in writing and orally.

**Keywords:** text translation, orientation, implementation, communicative.

В данной статье нами рассматривается текст художественный. Исходя из объекта, нам импонирует определение И.Р.Гальперина, данное тексту.

«Текст – это речетворческое произведение, обладающее завершенностью, объективированное в виде письменного документа, литературно обработанное в соответствии с типом этого документа, произведение, состоящее из названия (заголовка), и ряда особых единиц (сверхфразовых единств), объединенных разными типами лексической, грамматической, стилистической связи, имеющее определенную целенаправленность и прагматическую установку» [2].

Лингвистика текста располагает определенным набором информации о существенных признаках художественных текстов. В своей работе возьмем за основу два из них: наличие эстетической функции и отсутствие непосредственной связи между коммуникацией и жизнедеятельностью человека. Данный выбор определен тем фактическим материалом, который подвергся нами анализу.

Если учесть, что художественный текст строится по законам ассоциативно-образного мышления, то при переводе такого рода текста нужно учитывать факт, что соответственно он (художественный текст) строится на использовании образно-ассоциативных качеств речи. Несомненно, это усложняет деятельность переводчика.

Несмотря на то, что художественные тексты не описывают реальные конкретные факты, они служат эстетическим, воспитательным и развлекательным целям. Авторы художественного материала изображают в своих произведениях, как правило, вымышленные события и вымышленные миры по сходству с реальными и, как следствие, устанавливаются аналогии с известной индивиду действительностью. Последнее способствует восприятию читаемого. Иными словами, так как процессы в реальности многомерны, то при восприятии текста сознание индивида способно достраивать отношения между частями текста в мире вымышленном.

В связи с вышеизложенным, художественный текст рассматриваем с позиции современного подхода к типам текста: как текст, ориентированный на форму.

Несомненно, художественный текст сообщает содержание. Соответственно если при переводе не сохранить внешнюю и внутреннюю форму, определяемую нормами художественных произведений или художественными устремлениями автора текста, то неизбежным окажется «провал» в понимании и восприятии читателем переводного материала. Попросту говоря, переводчик совершает моральное преступление по отношению автора оригинала и адресата, читаемого переводной материал.

Итак, перейдем непосредственно к изложению комплекса параметров, которые необходимо учесть в процессе перевода художественных текстов.

С точки зрения перевода текст представляет собой не простую двуединую сущность – план содержания и план выражения – а такую, которая для перефразирования (межъязыковая трансформация, перевод) принимает двойственный характер: первое – это план выражения, выступающий как переменная. Последний имеет два аспекта: языковой и композиционный.

Следует заметить, что чрезмерно свободный подход к плану выражения как переменной ведет к деформации структур композиционно-речевых форм, конституирующих текст, и влечет за собой потерю тех или иных типов логико-семантических отношений, существующих между составляющими текста, или появление новых типов логико-семантических отношений, отсутствующих в оригинале. Несомненно, это отражается на смысловой структуре текста.

В связи с этим, нами рассматриваются логически завершенные сегменты текстов оригинала в переводе и выявляются несоответствия текста оригинала и текста перевода. При этом нами определяются типы композиционно-речевых форм ( повествование, описание, рассуждение), их функционально-коммуникативные признаки, а также логико-семантические отношения между составляющими текста (в лингвистике выделено семь типов) и их способы выражения (эксплицитный, имплицитный).

Итак, в качестве примера возьмем сегмент (вычлненный на части) из художественного произведения «Қаһарлы күндер», автором которого является известный казахский писатель Т.Ахтанов: *Кәкібай Добрушкин мен Дәуреннің денесін өз қолымен окоптың бір қалтарысына әкеліа қойды (I). Политрукпен қоштасты (II). Осының бәрі оған ауыр әсер етті (III).*

Композиционно-речевая форма «повествование» заключена в этом логически завершенном фрагменте (в другой терминологии – сверхфразовое единство), функционально-коммуникативный признак которой квалифицируется как признак диахроничности. Данный признак представлен,

прежде всего, динамическим состоянием субъекта. Об этом свидетельствуют глаголы с акциональной семантикой «әжеліп қойды», «қоштасты». Вторая часть СФЕ находится с первой частью в логико-семантическом отношении соединительного типа, выражая дополнительную информацию к вышесказанному. Пояснительный тип отношений (сема «обобщение»), устанавливается между третьей частью и предыдущими частями. Лексема «осының бәрі» свидетельствует об эксплицитном способе выражения пояснения и дает возможность завершить развертывание фактологической ситуации и тем самым подвести итог.

*Список литературы:*

1. Bassnett, S., (1991), *Translation Studies*, Routledge, London.
2. Baker, M., (2000), "Linguistic perspectives on translation", In: France, P. (ed.), *The Oxford Guide to Literature in English Translation*, Oxford University Press, Oxford, pp. 20-25.
3. Collins COBUILD English Dictionary (1995), Collins, London and Glasgow.
4. Coulthard, M., (1992), "Linguistic Constraints on Translation", In *Studies in Translation / Estudos da Tradução*, Ilha do Desterro, 28. Universidade Federal de Santa Catarina, pp. 9-23.
5. Herzfeld, M., (2003), "The unspeakable in pursuit of the ineffable: Representations of untranslability in ethnographic discourse", In: Rubel, P.G. and Rosman, A. (eds.), *Translating culture: Perspectives on translation and anthropology*, Berg, Oxford, New York, pp. 109-135.
6. James, K., (2002), "Cultural Implications for Translation", *Translation Journal*, Volume VI / 4.
7. Newmark, P., (1988), *A Textbook on Translation*, Prentice Hall, New York.
8. Nida, E., (1964), "Principles of Correspondence", In: Venuti, L. (ed.), *The Translation Studies Reader*, Routledge, London.
9. Novakov, P., (1999), "U četiri časa pre podne", *Godišnjak Filozofskog fakulteta u Novom Sadu*, Vol. XXVII, str. 99-106.
10. Novakov, P., (2000), "Crvenocijljarski univerzitet", *Godišnjak Filozofskog fakulteta u Novom Sadu*, Vol. XXVIII, str. 89-97.
11. Novakov, P., (2001), "Prevođenje u nastavi stranog jezika na univerzitetu", *Savremene tendencije u nastavi stranog jezika*, Filozofski fakultet, Nikšić, str. 181-193.
12. Novakov, P., (2007), "Translation and English Language Teaching", *English Language and Literature Studia: Interfaces and Integrations, Proceedings*, Vol II, Beograd, pp. 57-63.

**MPHTI: 14.35.09**

*Badanbekkhyzy Z<sup>1</sup>  
Abay KazNPU,  
<sup>1</sup>Candidate of  
philological sciences, associate professor*

**THE ROLE OF TRANSLATION IN SOCIAL INTERACTION AND SOCIAL RELATION  
CONCEPTS**

*Abstract*

The article defines the concepts social relation and social interaction. They are identified as different concepts. Social relations form the basis of such concepts as social organization, social structure, social institution, social movement and social system. The concept "social relation" is frequently used in social sciences, but there is no commonly agreed meaning for it.

**Key words:** concepts, social relation, social interaction, define, types.

З.Баданбекқызы<sup>1</sup>  
Абай атындағы ҚазҰПУ  
<sup>1</sup>Ф.ғ.к., доцент

## ӘЛЕУМЕТТІК ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ АУДАРМАНЫҢ РӨЛІ

### Аңдатпа

Мақалада әлеуметтік қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесудің ұғымдарын анықталады. Олар әртүрлі ұғымдар ретінде анықталады. Әлеуметтік қатынастар әлеуметтік құрылым, әлеуметтік құрылым, әлеуметтік институт, әлеуметтік қозғалыс және әлеуметтік жүйе сияқты ұғымдардың негізін құрайды. «Әлеуметтік қатынас» ұғымы әлеуметтік ғылымдарда жиі пайдаланылады, бірақ ол үшін жалпы келісілген мағына жоқ.

**Түйін сөздер:** ұғымдар, әлеуметтік қатынастар, әлеуметтік өзара әрекеттесу, анықтау, түрлері.

Баданбекқызы З<sup>1</sup>  
КазНПУ им.Абая  
<sup>1</sup>К.ф.н., доцент

## РОЛЬ ПЕРЕВОДА В КОНЦЕПЦИЯХ СОЦИАЛЬНОГО ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ И СОЦИАЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ

### Аннотация

В статье определены понятия социального отношения и социального взаимодействия. Они определены как разные понятия. Социальные отношения составляют основу таких понятий, как социальная организация, социальная структура, социальный институт, общественное движение и социальная система. Понятие «социальные отношения» часто используется в социальных науках, но общепринятого значения для него нет.

**Ключевые слова:** понятия, социальное отношение, социальное взаимодействие, определение, типы.

Nowadays people depend on social interactions. Social interaction is broadening from time to time. Because there are links between not only people, but peoples all over the world. In this regard the translation and a translator have become one of the most important aspects of our life.

Social interaction and social relation are identified as different concepts. The concept “social relation” is frequently used in social sciences, but there is no commonly agreed meaning for it. In the first instance, a social relation is regarded as a relation between people, and more specifically:

- ▶ a relation between individuals insofar as they belong to a group,
- ▶ a relation between groups,
- ▶ a relation between an individual and a group.

In this sense, a social relation is not identical with a unique interpersonal relation or a unique individual relation, although all these types of relations presuppose each other. Anyway, in sociological hierarchy, social relation is more advanced than behavior, action, social behavior, social action, social contact and social interaction. These concepts denote:

- animal-like behavior is first and most basic behavior, various physical movements of the body like walking, eating;
- action is a movement with a meaning and purpose, for instance, you pick up berries to eat yourself;
- social behavior is addressed towards other people;
- social action requires a response from another person, for instance, you present a diamond ring to your girl-friend;
- social contact is a pair of social actions;
- social interaction is a sequence of social actions.

It should be noted that the last four movements can take place within the frameworks of a social act. There must be three components so that social interaction is realized:

- the subjects (two and more people – who interacts?);
- the object (why to interact?);
- a mechanism to regulate interactions (how to interact?)

If there is no object, individuals don't interact, if there is one, they do. For instance, a young man wants to get acquainted with a girl. It is the girl who makes a decision to interact: if she likes the man (the subject) or the object suggested, she continues the conversation, gives her telephone number etc. In other words, she performs particular actions to get social interaction done.

Social interactions can be differentiated into:

- accidental (also known as social contact) – not planned and not repeated, for instance, asking a stranger for directions. Social contact is interaction without further consequence, i. e. it is not likely to be repeated or the subject of interaction can be easily exchanged by another one. An example would be a failed and not-repeated attempt to start a conversation with the girl a young man likes if she doesn't like him.
- repeated – not planned, bound to happen from time to time. For example, accidentally meeting a neighbor from time to time when walking in your street;
- regular – not planned, but very common, likely to raise questions when missed, for instance, meeting a doorman every workday in your workplace or your tutor at the University, dining every day in the same restaurant, etc.

regulated – planned and regulated by customs or law, will definitely raise questions when missed, for instance, interaction in a workplace (coming to work or class to lectures, staff meetings etc), family etc.

The Romans said that man is a social animal, so an individual depends on the society he lives in. It means that he depends on other individuals with whom he enters into relations forming any social entity.

That's why social interactions are based on interdependencies between two or more people mutually oriented towards each other, i. e. social interaction is any behavior that tries to affect or take account of each other's subjective actions or intentions. It suggests that the parties to the social interaction must be aware of each other. It does not mean being in sight of or directly behaving towards each other. Friends writing letters are socially interacting, as are enemy generals preparing opposing war plans. Social interaction is not defined by type of physical relation or behavior, or by physical distance. It is a matter of a mutual subjective orientation towards each other. Spying one on another is not social interaction if the other is unaware. Thus, even when no physical behavior is involved, as with two rivals deliberately ignoring each other's professional work, there is social interaction.

Social interaction is a dynamic, changing sequence of social actions between people (or groups) who modify their actions and reactions due to the actions done by their interaction partner(s).

An American researcher R. Rummel in his work, *Understanding Conflict and War*, describes social interactions by their meaning, direction, intensity, extension, duration, and organization.

The meaning of social interaction involves understanding such behavior as act, action, or practice.

The direction of interaction depends on whether people orient their acts towards each other, and whether the acts involve common intentions and the desire or aim of helping each other to achieve that intention. There are two opposing directions of interaction – solidary and antagonistic. The first involves acts of similar intentions and a mutual orientation of the parties towards helping each other to achieve these intentions. For instance, friends helping each other to pass an examination, parents mutually cooperating to bring up their children, a team of scientists trying to discover a cure for cancer, and so on.

Antagonistic interaction takes place when the parties intend to hinder each other from achieving their purpose. For instance, two people competing for promotion to the same position, generals fighting for the same territory, or rivals trying to capture the same market share. The interaction between a master and slave, a prisoner and his guard are also examples.

It should be noted that antagonistic interaction does not imply that intentions are different. The parties share a common desire and mutual orientation towards each other. They have the same aims (a promotion, possession, achievement etc) which they don't want to or can't have together. Antagonistic interaction is characterized by this main element: a perception of incompatible purposes and the belief that the achievement of one's own aim entails frustrating the others.

There is also a mixed interaction, which is partly antagonistic, partly solidary. The mutual acts may be solidary as the parties intend to achieve a common goal but their actions may be antagonistic. A doctor and



patient may both have the patient's health uppermost in mind, but the patient's actions may be antagonistic, when he refuses to stay in bed as ordered.

On the other hand, the acts may be antagonistic while the actions are solidary, for instance, parents argue while keeping their voices down so as not to wake up their children.

Besides meanings and direction, social interactions are also characterized by high or low intensity. Deeply felt, strongly motivated intentions can be involved, as in a world chess match, war, labour strike, or marriage. On the other hand, the interactions may involve little emotion or peripheral intentions, as with those playing tennis to relax or disagreeing over what movie to see.

Due to extension interactions may be extensive or narrow. They may invoke a range of activities, such as beating all competitors for the presidency of a country, fighting a war, or building a good academic department. Narrow interactions may be restricted to particular activities, such as cooperation among friends cleaning up after a party, or a legislative disagreement over the tax on imported watches.

Another characteristic of interaction concerns their duration. Interactions may be of momentary or relatively short duration, such as a dispute at the supper table as to who will get the last piece of cake, or an interaction between a sales clerk and customer. Some interactions are of extended duration, as in the rivalry of nations at the annual meeting of the UN General Assembly, or the mutual love directed interaction of a marriage.

Finally, interactions can be characterized as to whether they are organized, that is, governed by law-norms defining a group, or not. For instance, interactions between individuals preparing for a joint weekend may not be organized, while trade between nations, or divorce proceedings are organized interactions.

In total, social interactions manifest various combinations of characteristics, or modalities in terminology by P. A. Sorokin. They may be solidary, intensive, but narrow, short and non-organized, like sexual intercourse; or intensive, extensive, durable, antagonistic and organized, like war; or intensive, narrow, short, organized, and antagonistic etc.

The known conception is that of P. A. Sorokin who divided the interaction system of organized durable groups into three components: formulistic, contractual and compulsory ones.

The familistic component comprises consistent, solidary, extensive, intensive and durable interactions. Those who are involved in them form an organically interdependent unity, interrelated into a "we". What concerns one concerns them all; it is not a question of what each personally can achieve from the interaction, but what can be done together. Social interactions between father and son, members of religions, sects, athletic teams are often of familistic nature.

The contractual component comprises interactions which are partly solidary, partly antagonistic, limited in duration and extension, with high or low intensity, and legalistic. Contractual interaction tends to be utilitarian, a specific association of the actions of individuals for independent purposes. It is manifested in benevolent neutrality, passive resistance or reluctant cooperation, competitive cooperation, simultaneous love and hate. Examples are interaction between a seller and buyer, an employee and employer, a bureaucrat and citizen. Some modern couples transform their marriages into a contractual affair.

Compulsory interaction is characterized by consistent internal antagonism, as between lifelong enemies, conflicting nations, a slave and master. It may or may not be intensive, extensive, durable and organized. It comprises the attempt of one or more parties or groups to coerce others. The use of coercion is a hallmark of this type of social interaction. In a pure compulsory relationship the parties remain total strangers and outsiders to each other.

Describing interaction with a combination of modalities P. A. Sorokin styles it as the system of interaction or social relationship. If a social contact may have the form of exchange of information, joint activities etc., social interactions form the basis of social relations. Social relation refers to a multitude of social interactions, regulated by social law-norms, between two or more people, each having a social position and performing a social role.

So, social relations can be defined as a stable system of regulated social interactions between two or more people on the basis of a certain platform (i. e. interest). This concept always suggests a goal which the united people intend to achieve. For instance, such institutions as the court or jail are created to maintain social order and punish deviants who break moral and legal norms, encroach on social material or spiritual values.

The availability of a common platform in social relations was marked by M. Weber who also underlined that social behavior of the people should be defined and observed. And social institutions are designed to provide observation. If the function of the institution of the family is to reproduce the population, both physically as delivering children, and socially as their bringing up, consequently we can observe social behaviors of the members of a family such as their methods of influence on the children or planning the family.

In conclusion we can say that social relations form the basis of such concepts as social organization, social structure, social institution, social movement and social system.

*List of literature:*

1. Д.М.Бузаджи, А.С.Маганов «Техника перевода I – Грамматические аспекты перевода» Москва 2007-208с.
2. В.Сарсенова «Пособие по практическому переводу с английского языка на русский» Издательство «Фолиант» Астана 2008-160с.
3. Слепович В.С. «Translation course», 2004-320с.
4. Г.Э.Мирам, В.В.Дайнеко, Л.А.Тарануха, М.В.Грищенко, А.М.Гон «Основы перевода», «Ника-Центр» 2002.
5. Т.А «Translation techniques English-Russian»-«Союз» 2002-320б.

## ЛИНГВИСТИКА ЖӘНЕ МӘТІН ЛИНГВИСТИКАСЫ ЛИНГВИСТИКА И ЛИНГВИСТИКА ТЕКСТА LINGUISTICS AND TEXT LINGUISTICS

МРНТИ:14.35.09

Құрмамбаева Ж.Б.<sup>1</sup>, Аяпова Т.Т.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>докторант ҚазҰПУ

<sup>2</sup>профессор, ф.ғ.д. ҚазҰПУ

### САН АТАУЛАРЫНЫҢ МӘДЕНИ БЕЙНЕ РЕТІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

Аңдатпа

Мақалада қазақ мәдениетінде сандарға арналған лингвомәдени зерттеулер қарастырылған. Әрбір ұлт ұлттық кодтары бар сандармен әр түрлі рәміздерден тұрады. Олар әлем мен халықтың көзқарасын түсіндіреді. «Бір көзді дәу», «жеті басты жалмауыз», «үш басты айдаһар», «жеті әулие» сияқты әртүрлі мифологиялық кейіпкерлердің лингвомәдени сараптамасы арқылы беріледі. Мифологиялық бейнелердің ұлттарға тән екенін және халықтардың өмірін бейнелейтінін түсіну керек.

**Түйін сөздер:** Миф, мифтік, бейне, лингво-мәдени зерттеу, ұлт, ұлттық код, феномен.

Ж.Б.Құрмамбаева<sup>1</sup>, Т.Т.Аяпова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>докторант КазНПУ

<sup>2</sup>профессор, д.ф.н. КазНПУ

### ИССЛЕДОВАНИЕ НАЗВАНИЙ ЧИСЕЛ КАК КУЛЬТУРНЫЙ ОБРАЗ

Аннотация

В статье рассматриваются лингвокультурные исследования цифр в казахской культуре. Каждая нация состоит из различных символов с цифрами с национальными кодами. Они объясняют мировоззрение мира и народа. «Бір көзді дәу», «жеті басты жалмауыз», «үш басты айдаһар», «жеті әулие» так как лингвокультурные экспертиза различных персонажей. Следует понимать, что мифологические образы свойственны национальностям и символизируют жизнь народов.

**Ключевые слова:** миф, видео, лингво-культурное наследие, нация, национальный код, феномен.

Kurmambaeva Zh.B.,<sup>1</sup> Ayapova T.T.<sup>2</sup>

Abay KazNPU,

<sup>1</sup> PHD student

<sup>2</sup> Doctor of Philology, professor

### STUDY OF NUMBERS AS A CULTURAL IMAGE

Abstract

The article deals with the lingua-cultural study of numerals in Kazakh culture. Every nation has different symbols with the numerals which have national codes. They illustrate the mentality and people's point of view of the world. Through the lingua-cultural analysis of different mythological characters like «бір көзді дәу», «жеті басты жалмауыз», «үш басты айдаһар», «жеті әулие» etc. One could understand that mythological images are specially national and illustrate the nations' life experiences.

**Key words:** myth, mythological, image, lingua-cultural study, nation, national code, phenomenon.

Мәдениаралық байланыста сан атаулары ұлттық колоритімен ерекшеленеді. Себебі, әр ұлтта әрбір сан әртүрлі символданады. Әралуан ұғымдық мағына білдіреді. Дегенмен, санның әмбебап ұғымы тілдік мәдениетте ортақ көрініс тапқанмен, мағыналық фондында, коннотациялық мәнінде өзгешеліктер болады. Не себепті жалпыадамзатқа ортақ әмбебап ұғым (сан) әр ұлтта мағыналық реңкіне қарай ерекшеленеді? Осы мәселені айқындау үшін сан атауларына лингвомәдениеттанымдық зерттеу жасап, салыстырмалы түрде талдау қажет.

Лингвомәдени феномен ретінде кодталған бейнелерді талдау барысында маңызды факторлар - ұлттық ұжым санасында стереотиптенген дәстүрлі ұстанымдар, жосын-жоралғылар, ырым-тыйымдар негізге алынуы тиіс. Тілде, санада таңбаланған дәстүрлі ұстанымдар - ұлттық өмірдің мәдени идеялары болып саналады. Ал мәдени игілікті бейнелеген атаудың мәнінде ұлттық құндылық туралы ақпарат жатыр. тілде басқаша кодталғанмен, оның астарында халықтың менталитеті мен өмірге деген шынайы көзқарасы жатыр.

Н.Ф. Алефиренконың зерттеуі бойынша, сан атаулары мәдени бейне ретінде тілден көрініс таба алады. Себебі бейне талай жылғы тарихи дәуірде мойындалған халықтық пайымдаулардың меркерленіп, ұғымның таңбаға айналу үдерісінен өтіп, лингвомәдени прецедентке айналуы нәтижесінде тұрақтылыққа ие болады. Бұл бейнелер аксиологиялық жүйеде лингвомәдениеттанымдық доминант- бірлік ретінде танылады. [Алефиренко Н. Ф. Лингвокультурология. Ценностно-смысловое пространство языка: учебное пособие. М.: Флинта, 2010. 288 с., с. 99], Аталмыш теориялық тұжырымға сүйене отырып, сан атауларын мәдени кодталған таңба ретінде немесе аксиологиялық мәні бар лингвомәдени бірлік ретінде қарастыруға болады. Себебі бұл тұжырым ұлттың мәдени құндылықтарын маркерлейтін бейнелерді мәдени концепт шеңберінде, яғни когнитивтік кеңістік аясында талдауға мүмкіндік береді.

Көне дәуірден келе жатқан түсінік бойынша, белгілі бір ұлттық мәдениеттің тұтынушысы ретіндегі кез келген адамның өмірі мен сол ұлттың мәдениеті сан атауларының астарындағы мәдени құндылыққа бағынады. Бұл жерде санның математикалық мәні емес, лингвомәдениеттанымдық мазмұны негізге алынады. Яғни сан атауларын лингвомәдени бірлік ретінде қабылдап, математикалық мағынасында емес, мәдени құндылық көзі ретінде қарастыруға бет бұру қажет. Қазақ мәдениетінде ерекше киелі саналатын сандар паремиялогиялық қорда, аңыз - әңгімелерде, салт-дәстүрлер мен жосын-жоралғыларда, тіпті ырым-тыйымдарда кең көрініс тапқан. Киелі сандар мәдени бейне ретінде рухани құндылыққа ие болған. Мәселен, үш, жеті, тоғыз, он үш, қырық, алпыс сандары мистикалық, магиялық, сакральдық мазмұнда танылады. Аталмыш сандардың мәдени бейне ретінде ұғымдарын айқындау үшін, лингвомәдениеттанымдық талдау жүргізу қажет етіледі. Себебі тіл біліміндегі лингвомәдениеттану ғылымы да осындай өмір талабы қажетінен туындаған.

Тілдің лингвомәдени құрылымы антропологиялық негізде тілдің өзін ішінара зерттемейді, тіл адамның рухани бір бөлігі іспеттес қарастырылады. Олай болса, адамның адамдық қасиетін танытатын да, оның өмірінің барлық саласын қамтитын, заттық, рухани мәдениетін келер ұрпаққа жеткізетін де тіл болмақ. Демек, ақпараттардың адам танымында өңделіп, адам санасында қалыптасып, тілде көрініс табуы, адамзат түсінігінің қалыптасуы, оның дүниені тануы, дүниетанымда тіл қандай қызмет атқарады деген мәселелерге негізделеді.

В.В.Воробьев лингвомәдениеттану пәніне: «Мәдениет тек тілдің қызмет етуіндегі өзара байланысы мен өзара әрекеттесуін зерттейтін, бұл үдерісті жүйелі әдістер көмегімен және қазіргі құндылықтар мен мәдени анықтамаларға бағытталған тілдік және тілдік емес мазмұн бірлігін де біртұтас бірліктер құрылымы ретінде бейнелейтін жинақтаушы түрдегі кешенді пән» [1, 476.], - деп анықтама береді.

Лингвомәдениеттану дүниенің бейнесін, рухани құндылықтарды тілдік деректер негізінде қарастырады. Лингвомәдениеттанудың қарастыратын мәселелері өткен заман мен бүгінгі күнді жалғастыратын халықтың мәдени мұралары. Этнолингвистикадан айырмашылығы да оның айналысатын мәселелерінен туындайды. Лингвомәдениеттану өзге ұлтта, өзге тілде эквиваленті бар немесе ұқсас мәдениеттердің ортақтығын анықтауды да негізге алады. Ал этнолингвистиканың басты нысаны этнографизмдер өзге мәдениетте эквиваленті жоқ құндылықтар болып саналады. Ал сан атаулары барлық мәдениетке ортақ әмбебап абстракция болғандықтан оны лингвомәдениеттану аясында қарастырғанмыз жөн.

Белгілі ғалым Ә.Т. Қайдар этнолингвистиканың мақсаты мен міндеттері жөнінде айта келіп, мынадай тұжырым жасайды: «Этнолингвистика, егер оның түп – тамырына тереңірек үңілсек, этнография мен лингвистиканың жай қосындысы емес бір шаңырақ астында әрқайсысы өз бетінше тон пішіп, өзінің жырын жырлайтын шартты түрде ғана қосарласқан дүние емес, этнолингвистиканың объектісі – этнос және тіл, тілсіз этнос, этноссыз тіл өмір сүруі мүмкін емес» [2, 18б.] – дей келе, академик Ә. Қайдардың «Ана тіліміздің бай қоры - ұлтық болмыс – бітімді танытатын тілдік этнодеректердің қазынасы» деген пікірі қазақ этнолингвистикасының негізін салып, аталмыш ғылым жайында: «этнолингвистика – этностың ( одан ұлыс, халық, ұлт) инсандық болмысынан туындап, санасында сараланып, тарихи жадында сақталып, тіл арқылы ғасырлар бойы қалыптасып, қолданып, рухани-мәдени мұра ретінде атадан балаға, әулеттен нәсілге үзілмей ауысып келе жатқан дәстүрлі мирасты жаңғыртып, жан-жақты зерттеп, танымдық мәнін ашып болашақ ұрпаққа ұсыну мақсатына байланысты дүниеге келген тіл білімінің күрделі құнарлы саласы» [2, 475б.] .

XIX ғасырда В.Гумбольдт, Ф.И.Буслаев, А.А.Потебня, А.Н.Афанасьев, кейіннен Э.Сепир, Н.И.Толстой, В.Н.Телия, Ю.С.Степанов, Н.Д.Арутюнова, В.В.Воробьев, В.Маслова сынды ғалымдар бұл мәселелермен айналысып, олар тіл – мәдениет құралы екендігін, оның бөлігі, қалыптасуының бірден-бір шарты екендігін атап көрсеткен болатын.

Лингвомәдениеттану өз алдына ұлттық болмыстың тілдегі көрінісін, тіл фактілері мен халықтың танымдық, этика-эстетикалық категориялары арқылы рухани мәдениетін танытып, олардың қызметі мен орнын анықтау деп мақсат қояды. Ал оның интерпретациясы халықтың ауыз әдебиетінде, паремиологиялық қорында, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарында вербалданады.

В.Маслова лингвомәдениеттануды лингвистика мен мәдениеттану түйісуінен пайда болған тілде бейнеленген және бекіген халық мәдениетінің көріністерін зерттейтін ғылым дей отырып, ғылымның зерттеу нысанын, қалыптасу кезеңдерін, әдістемелік, лингвомәдени бірліктердің түрлерін «Лингвомәдениеттану» еңбегінде ашып көрсетеді [3].

Кез келген халықтың өз тарихы, мәдениеті, әдет-ғұрпы, өзіндік өркениеті бар. Ал бұның бәрі сол халықтың тілінде бейнелеп, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырады. Лингвомәдениеттану халқымыздың тілінде ғасырлар бойы сақталып, оның тұрмыс-тіршілігі мен мәдениетінен мәліметтер беретін деректерді тілмен байланыстыра зерттеу. Бұл бағыт қазақ тіл білімінде көптеген ғалымдардың Ә. Қайдар, Ж. Манкеева, Н. Уәли, Е. Жанпейісов т.б. еңбектерінде жанжақты зерттеліп жүр.

Ұлттың мәдениеті мен тілін байланыстыра зерттеудің қажеттілігі жөнінде Ж. Манкеева былай дейді: «...атап айтқанда, ұлттық тіл ерекшелігінің сырын, табиғатын сол тілде сөйлеп ұлт өкілінің рухани, психологиялық, әлеуметтік т.б. сипаттарымен біртұтастыққа зерттеу... Солардың ішінде тілді ұлттық сана, дүниетаным, мәдениет, тарих, этностық рухты бейнелейтін таңба ретінде қарастырылатын – лингвомәдениеттану саласы. «Лингвомәдениеттану» деген атаудың құрамында тіл мен мәдениеттің сабақтастығы айқын көрініс табады... Сондықтан ұлттық болмыс мазмұн тұтас мәдени жүйе ретінде өз бойында сақтаған құнды этномәдени дерек ретінде тілдік бірліктерді «ұлт пен тіл біртұтас» деген қағидаға сәйкес жинақтап, жүйелеу, талдау игілікті де өзекті іс болмақ» [4, 8б.] .

А.Вежицкая: «Каждый язык национально специфичен. При этом в языке отражаются не только особенности природных условий и культуры, но и своеобразие национального характера его носителей», - дейді [5, 21б.]. Лингвомәдениеттану – мәдениет пен тіл бірліктерінің жиынтығын танып, жүйелі түрде қарастыратын ғылым саласы. Тілде бейнеленетін, тіл арқылы көрінетін мәдени құндылықтардың қолданылатын жүйесін зерттейді [6, 5б]

Ғалым Р.Авакова: «Әлемді бір бүтін дамудың орталығы деп танитын мәдениет іспетті тіл де бізге өзінің қырлары мен сырларына, жұмбағы мен құпиясына толы шексіз қасиеттерін ашуда» - деп қорытынды жасады [7, 476.].

Тілдік бірліктер туралы деректердің номинациясының маңызын арттыруда ұлттық мәдени өмірімен байланыстылығы жайлы ғалым А.Салқынбай былай тұжырымдайды: «Тілдік деректерді лингвомәдени аспектіде зерттеу – ең әуелі тілдер арасындағы жалпы адами гуманитарлық, мәдени, өркениеттік қырларды айқындау болып табылады. Табиғаттағы, әлемдегі құбылыстар, қоғамдағы сана мен салт, бәрі де тілде өз көрінісін табатындықтан, атау мен оның жасалу сипаты лингвомәдени аспектіде қарастырылады [8, 416.].

Ал профессор Г.Смағұлова лингвомәдениеттану пәнінің өзгешелігін: «Лингвомәдениеттану – этномәдени және этнопсихологиялық факторлар мен тілдегі ұлттық мәдени мағына компоненттерін тіл арқылы мәдениеттану бағытында зерттеп, тілдің дәл қазіргі қолданыс қызметін көрсететін, ұлттық ерекшелігін ешбір идеологиясыз заманға сай келбетін таныту. Бұл ретте тіл – ұлт – мәдениет дейтін үштік (триада) лингвомәдениеттану пәнінің зерттеу нысаны болмақ» деп көрсетеді [9, 1476.].

Аударматанудың лингвомәдени мәселелерін қарастырған А.Алдашеваның тұжырымынша: «Лингвомәдени ерекшеліктер – ұлттық мәдениетпен біте қайнасқан, ұлттық мәдениеттен бөлшектенбейтін төл сипат-белгі [10, 1586.].

Мәдени ұғымдардың ұрпақтан-ұрпаққа көне бұйымдар, олардың суреттері арқылы жетуі мүмкін. Бірақ бұл мәңгілік дүние емес. Сондықтан мәдениетті мәңгілікке жеткізетін - тіл. Тілдегі мәдени құндылықтардың адам санасында терең сақталынуына тірек болатын ауыз әдебиеті, яғни көркем шығарма, мақал-мәтел, тұрақты тіркес, жұмбақтар, жосын-жоралғыларда айтылатын алғыс, тілек, бата, сый, кәде, рәсім атаулары. Ұрпақ жалғастығында ұлттық мәдениеттің тұтастай берілуі тіл ғана сапалы орындай алады. Сондықтан тілдік жүйедегі әлі де басы ашылмаған жаңғыртылмаған мәдени қорды зерттеу үшін лингвомәдениеттану саласы келді. Лингвомәдениеттану ғылымының арнайы зерттеу тәсілдері мен ұғымдық бірліктері мәдени кодты жүйелі айқындауға септігін тигізеді.

Лингвомәдениеттанудың негізгі ұғымдарының бірі - мәдени бейне. Нақтырақ айтқанда прецедентті бейнелер, яғни мифтік бейнелер. «Қазақ мифологиясы» атты белгілі еңбектің авторы С. Қондыбай атап өткендей, қазақ менталитетінің мәнін мифологиялық қабаттармен жұмыс істемей, дұрыс түсіну мүмкін емес. Қазақтың мифтік шығармашылығы ежелгі түркі кезеңінің ғасырлар қойнауына терең бойлаған [Қондыбай С.Арғықазақ мифологиясы. - Алматы, 2006].

Мәдени-мифтік прецедентті бейнелердің арасында сан атауларымен сипатталатын түрлері жиі кездеседі. Демек, халықтың сан арқылы айтылмақ ойды кейіпкердің бейнесін жасауда астарлап жеткізу мүддесі болғанын байқаймыз. Мысалы, бір көзді дәу, жалғыз көзді жалмауыз - мәдени бейнелер. Олардың «бір» сан атауымен және «жалғыз» деген квантитативті ұғыммен берілуі көне грек мифологиясындағы танымның сарқыншағы деп қабылданады.

**Бір көзді дәу** - кейбір аңыз, ертегі-жырларда кездесетін мифтік кейіпкер. Адам баспайтын тау-құздарда аң аулап, тау үңгірлерін паналайтын, маңдайында жалғыз көзі бар алып. Кейбір түркі халықтарының (саха, шор, алтай, хақас, т.б.) ұғымы бойынша, дәу - жер асты әлемінің өкілі. Ежелгі грек ғалымдары Аристей (б.з.б. 7 ғ.) мен Геродоттың (б.з.б. 5 ғ.) айтуларына, жалғыз көзді алыптар туралы әңгімелерді гректер сақтардан естіген [11].

Сонымен бір көзді дәу – адам немесе құбыжық бейнесіндегі қаскөй алып, қиял-ғажайып ертегісінің және мифтің кейіпкері. Бір көзді дәу бейнесі Кавказ, Сібір, Орта және Кіші Азия халықтары ертегі, аңыздарында да кездеседі. Бір көзді дәу ежелгі үнді-еуропа халықтары мифологиясында құдай бейнесінде суреттеледі. «Шахнамада» парсы батыры Рүстем бір көзді дәуге қарсы күресуші қаһарман ретінде сомдалады. Қазақ ертегілерінде бір көзді дәу әйелдерді ұрлап, зорлықпен иеленіп отырады, иен таудың үңгірінде өмір сүреді, адам етін жейді. Қара күш иесі, аңғал, сонымен бірге адамға жат әрекетке баратын қатыгез. Бұлайша сипатталуын жаугершілік заманда болған зорлық-зомбылықтық ақиқат көрінісінің дәйекті дерегі деп тануға болады. Дегенмен, кейінгі замандағы қазақ ертегілерінде бір көзді дәу соншалықты қаскөй күш ретінде суреттеле де бермейді. Кейде өзінен әлдеқайда әлсіз кейіпкерге алданып, оның қызметшісіне айналады. Мысалы, Қанбақ шал бір көзді дәумен сайысып, оны өзіне бағынышты етеді. Бұндағы халықтың айтпақ ойы - «күшпен емес, ақыл-оймен, біліммен де жеңуге болады» деген философиясы.

Тәжіктердің ұғымында бір көзді қара дәу адамдарды жадылап, ақ жолдан тайдырады. Сол себептен де тәжік бақсылары дәуге қарсы магиялық шаралар өткізеді. Ал қазаққа мұндай ұғым тән емес, кейбір бақсы сарындарында «дәу перім» деген рух-ие, керісінше жебеуші күш ретінде көрініс табады. Мысалы,

Айналайын дәулерім,  
Айналайын беклерім..  
Қазан басты қара дәу,  
Жын-шайтанға жау пері..  
Бәрекелді беклерім,

Тартшы бермен дәулерім, - делінеді [12]. Демек, қазақ халқы құбыжық жауыз кейіпкердің өзін мифтік бейне ретінде қабылдап, мәдени мұраны дәріптеу мақсатында пір тұтқанын аңғарамыз.

Дәу - жынның кейпін сомдайды. Мәселен, қазақ дүниетанымында бақсы ойыны кезінде жай адамның көзіне көрінбейтін бақсыға көмекке келетін тылсым күш иесі - жын болған. Оны қақаман (немесе көкеман) деп атаған. Аты аңызға айналған Қойлыбай бақсының да ең күшті жыны, яғни қақаманы болған деседі. Мағжан Жұмабаевтың «Қойлыбайдың қобызы» атты дастанында оны көркем сипаттайды:

...Қойлыбай қобыз алса-ақ қалбалаңдап,  
Қақаман жетіп келед әлдеқайдан.  
Қақаман жалғыз көзді жынның ері,  
Ерегіссе тау-тасқа салған ойран.

Дастанда қақаман-жын жалғыз көзді дәу бейнесінде ғана емес, бес қаруын асынған, төбесі көк тіреген батырдың кейпінде суреттелген. Демек, қазақ дүниетанымындағы жалғыз көзді дәу бақсыларға рух беруші қазақтың хас батыры ретінде қиялданған. Себебі бес қару асыну қазақ ұлтына ғана тән ұлттық болмыс.

**Жалғыз көзді дәу** бейнесі бірнеше ертегіде кездеседі. Соның ішінде «Жалғыз көзді дәу» атты ертегіде Дәу дүлей күштің иесі ретінде суреттеледі. Мұндай адам жегіш дәу «Ақжан батыр» ертегісінде де бар. Жалғыз көзді дәу қазақ иран, араб ертегілеріне ортақ образ. Батыс пен Шығыс халықтарының көпшілігінде кездесетін жалғыз көзді дәу образы жайлы Едіге Тұрсынов ежелгі түркілердің дуалистік мифінде айтылып, кейін скифтер арқылы гректерге өткен деп тұжырым жасаған. Зерттеушілердің болжамы бойынша қазақ ертегілеріндегі дәулер жалғыз көзді болса, парсыларда екі басты дәу жиі кездеседі. Яғни бұл мифологиялық кейіпкерлердің әр халықтың фольклорындағы ерекшелігін көрсетеді [13].

Жалғыз көзді дәу кейіпкерінің түп негізі - циклоп. Циклоп - көне грек халқының қиялынан туындаған мифологиялық кейіпкер. Соғыс пен жаугершіліктен шаршаған халықтың қиялында жеңілмейтін алып күштің әлсіз тұсын біліп, оны мәңгілікке жоқ қылуды армандаудан осындай мәдени бейнелер туындайды. Аталмыш прецедентті бейне сан атауынан жасалған. Жалғыз көзді немесе бір көзді дәудің адам санасында осылайша ұсқынсыз бейнеленуі өткемдіктің, қанаушылықтың, зорлық пен зомбылықтың езгісінің айқын бейнесі деп тануға болады. Жалғыз көзді болуының себебі, алып күш иесі болғандықтан оның бір ғана әлсіз тұсы бар. Ол - оның жалғыз көзі. Бір көзді дәуге қатысты қай ертегіні оқысақ та, елден шыққан батыр дәудің жалғыз көзін ойып алу арқылы жеңіске жетеді. Орыс мәдениетінде «циклоп - мощный и злой великан с одним глазом во лбу» деп сипатталады [14].

Ағылшын мәдениетінде бір көзді дәудің мәдени образдары мынадай эквивалентте сипатталады: «*Cyclops*»), настоящее имя Скотт «Слим» Саммерс (англ. Scott "Slim" Summers) — вымышленный персонаж во вселенной издательства Marvel Comics. Он супергерой, который служит руководителем Людей Икс. Созданный писателем Стэном Ли и художником Джеком Кирби, он впервые появился в X-Men #1 (сентябрь 1963) и сначала был назван Слимом Саммерсом. К #3 Скотт стало его именем, а Слим — прозвищем. Циклоп — мутант и обладает способностью выпускать из глаз лазерные лучи, что заставляет его носить специальные очки в любое время и специальный прибор видения в бою. Возможно, его силы привели к сдержанности и дотошности характера. Однако те же самые свойства делают его идеальным руководителем для Людей Икс и даже такие товарищи по команде, как Росوماха, считающий его «переросшим скаутом», восхищаются его навыками руководства. Он — сын Корсара, брат Хавока и Вулкана,

отец Кейбла, Чудо-Девушки и Человека Икс и муж Джинны Грей. Циклоп много присутствовал в комиксах, родственных Людям-Х, с их начала. Он присутствует почти во всех мультсериалах и видеоиграх о Людях-Х. Джеймс Марсден исполнил роль Циклопа в кинотрилогии «Люди-Икс»[15].

Дүниенің жаратылуы туралы мәселе саналы адам баласын ертеден толғандырып келе жатқаны белгілі. Адамзаттың таным кеңістігіндегі ең басты меже дүниені тануға бағытталады. Қазақ халқының дүниенің жаратылуы туралы танымы (әлем моделі) мифологиялық, діни түсініктер арқылы, соған сәйкес діни тілдік бірліктермен өрнектелген [16, 140б.].

Дүниенің тілдік бейнесі қазақ халқының ауыз әдебиетінде, жыраулар поэзиясында және басқаларында аңғарылады. Мысалы, алғашқы қауымдағы мифтік ұғымдар туғызған небір ғаламат мақұлықтар (*бір көзді дәу, жалғыз көзді жалмауыз*, т.б.) жер беті пайда болған заманда өмір сүрген түсінік халық ертегілерінде баяндалған.

Өктем, тәкаппар адамдар санасында бір саны - “мен” және жалғыздық мағынасын символдайды. Бүкіл әлемді ашса алақанымда, жұмса жұдырығымда ұстаймын дейтін менмендік мінезді сипаттау мақсатында жалғыз көзді дәу персонажы қалыптасты. Бұндағы «бір», «жалғыз» ұғымдарының таңдалып алынуы адамзаттың ойлау зердесінен, жауыздық қасиетін тудыратын жаман мінез жалғыздықты (оқшаулану, тәкаппарлану, менменсу) тани білуінен туындап отыр.

Лингвомәдениеттанудың негізін құрайтын ғылыми ой-тұжырымдардың, дәлірек айтқанда, тілдің еншісі мәдениетпен толығымен, ұлт мәдениеті сол халықтың тілінде сақталып, болашаққа аманатталатыны сияқты ой-пікірлердің туынды төркіні тереңде жатыр. Айтылған ой жайында немістің лингвист ғылымы В. Гумбольдтың лингвистикалық зерттеулеріндегі «Тіл халық рухы, халық рухы тіл арқылы көрініс табады» деген тұжырымы – жаңа ғылыми жолдың концепциясының алғашқы нышаны немесе қағидасы. Сондай-ақ, оның мәдениетті тілдің ішкі құрылымдық бөлшегі деп қарастыруы да тіл табиғатын таныта түсумен қатар, жарыққа шығып келе жатқан ғылыми жаңалықтардың шығу тегіне арқау болғаны сөзсіз. Атап айтқанда ғылымның пікірінше, біріншіден, мәдениеттің екі түрі-материалдық және рухани мәдениет ізі халық тілінде сақталады. Екіншіден, мәдени-ұлт нышаны, тілде өз жүйесін табады: үшіншіден, тіл-адам мен табиғатты жалғастырушы күш; төртіншіден, мәдениет пен халықтық рух-тілдің ішкі формасына тән [17].

Сонымен бірге В.Гумбольд еңбектерінде «ұлтты», «тілдік мәртебесі» бар «адам рухының даралану формасы» деп қарастырып, ол адамзаттың тілге бөлінуін халыққа бөлумен сәйкестендіреді. Демек, тіл мен адам рухының арасындағы байланыс берік болып келеді, бірақ бұл екеуі бір-бірінен бөлек не бірінен кейін бірі дамымайды, бұл процесс екеуіне де бірдей жүреді. Сондықтан тіл мен адам рухы бірігіп, интеллектуалды қабілет әрекетін қалыптастырады.

Э.Сепирдің пайымдауынша «Тіл мәдениеттен тым өмір сүрмейді. Ол дәстүр болып жалғасқан, халықтың тұрмыс-тіршілігімен әбден қабысып кеткен салт-дәстүр мен наным-сенімдерден арыла алмайды. Тілдегі лексика өзі қызмет етіп отырған мәдениетті өз қалпында көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, тілдің тарихы мен мәдениет тарихы жапсарлас дамиды деуге болады»[18]

А.Потебня тіл халық мәдениетімен біте байланысқан ұғым екенін айта келіп: «Тіл-халықтық рухтың жемісі, сондықтан тіл ұлттық ерекшелікті көрсетеді» деп анықтайды. Мәдениет тілдің таңбалау қасиеті арқылы танылатынын, оған дәлел халық ауыз әдебиеті үлгілері екендігін жан жақты сөз ете келе, «халық рухы алдымен тілде, содан кейін барып әдет-ғұрып, салт-дәстүрінде, ән өнерінде, фольклорында көрініс береді»[19].

Ұлт мәдениетінің бір біріне ұқсамайтын өзгешілігі неде?, - дейтін болсақ, оны А.А.Леонтьев былай түсіндіреді: «Әрбір халықтың әлемді тануы мен әлемді қабылдауы негізінде өз мағыналары, әлеуметтік стереотиптері, когнитивтік ойсурет жүйелері жатыр. Сондықтан да адам саналы этникалық жағынан шартты, бір халықтың әлемге көзқарасын жай ғана «қайта белгілер арқылы ауыстырумен» басқа халықтың мәдениет тіліне аударуға болмайды» [20, 55б.].

**Екі басты самұрық құс.** Аңыз бойынша ерте кезде екі басты алып құс болған. Келе-келе бұл тіркес зорлық көрсетер күш иесіне айналды. Қазіргі таңдағы Самұрық - қазақ мифологиясындағы екі дүние арасындағы дәнекер болатын, қыран тәрізді алып құс. Самұрық құсы әлемдік ағаштың (Бәйтерек) шыңында тұрады. Аңыз бойынша Самұрық өлгенімен, қайта тіріле алады. Өлгенде де, тірілгенде де от болып жанады. Самұрық құсы адамша сөйлесетін мифтік бейне



болған. Демек, қазақ танымында бақыт әкелушіні де, зорлық-қорлық көрсетушіні де самұрықпен сипаттау ізі бар.

Г. Байгусынованың зерттеуінде екі басты самұрық бейнесі екіжақты символдық мән беретінін айтады: «Символ двойственности: екі басты самұрық құс (двуглавая птица самрук), которая, согласно преданиям, существовала в древности и стала символом насилия, двуглавый орел, двуглавый дракон». [Байгунисова Г.И. Когнитивные основы употребления чисел в английском, казахском и русском языках // Вестник Карагандинского государственного университета. Серия Филология 2010 №02 (58)]

Ал қазақтың мифологиялық дүниетанымында ұсқынсыз жауыздарды «жеті басты жалмауыз» т.б. түрінде сипаттаған. Себебі мифтік санамен байланысты «жетілер тобына» ертегі, аңыздарда мифтенген айрықша «Уақыт пен Кеңістік» әлемінде өмір сүретін қиялдағы ғажайып тіршілік иелері жатады: жеті басты жалмауыз, жеті дәу, жеті басты айдаһар (жылан).

**Жеті басты жалмауыз - мифтік** сананың негізінде туып, көптеген халықтардың фольклорында айтылатын өте көне бейненің бірі. Қай халықтың ертегісінде болмасын жеті басты жалмауыз адамзаттың жауы, дүниедегі зұлымдықтың өкілі ретінде бейнеленеді. Қазақ фольклорында да жеті басты жалмауыз көп жағдайда айдаһар, кейде жалмауыз кемпір бейнесінде суреттеледі. Батыр кейіпкердің жеті басты жалмауызбен шайқасуы барлық елдің ертегілерінде бар. Жеті басты жалмауыз кейбір ертегілердің сюжетінде қаланың немесе ауылдың жанында пайда болып, сол елден бірнеше қой мен бір қызды салыққа алып жеп отырады деп суреттеледі. Елді одан құтқару тек елден ерекше шыққан батырдың қолынан келетіні айтылып, халық фольклорында сол батыр арқылы дүлей күшті жеңу идеясын білдіреді [21].

**Жеті саны** - жалпыадамзаттық түсінікте киелі, құдіретті сан. Ал енді жетіліктің зұлымдық кейпін бейнелеуде белсенді қолданылуы қазақ халқына ғана тән. Оның мәнісі мынада. Жетінің киелілігі жеті қазынамен, жеті атамен, жеті ғашықпен, жеті әулиемен, жеті кереметпен, жеті ғаламмен сипатталады. Бірақ жетіліктің табиғаттың зұлмат күшін де танытатын қасиеті бар. Мысалы, жеті жұт. Санада жұттың ерекше санамаланып сақталуы халықтың өмірінде, қиыншылығымен, ауыртпалығымен күресу тіршілігінде, яғни көз алдында, жүрегінің түбінде қалып қоюмен түсіндіріледі. Сол сияқты жеті жоқ, жеті жетім де өмірдің негативті болмысын сипаттау үшін санамаланып сақталған. Осы уәжге сүйенген халық жағымсыз мифтік бейнені жетімен суреттейді. «Яғни жеті бас - халыққа төнген жеті апат. Жеті апаттан толық құтылған халыққа бейбіт өмір келеді» деген философиялық ой жатыр.

**Үш басты айдаһар** — байырғы наным-сенім бойынша алып **жыртқыш**, адам баласына өлім әкелетін дүлей күш. Айдаһар — әлем халықтарының фольклорында жиі кездесетін мәдени бейне. Әсіресе, батырдың айдаһармен соғысу сюжеті мол. В.Я. Пропптың анықтауынша, айдаһар отырықшы-диқан, қалалық мәдениетте болған халықтарда қалыптасты. Айдаһар қазақ ертегілерінде қауымнан ауыр салық алып тұратын дүлей күш жалмауыз ретінде бейнеленеді. Ол «борандатып, дауылдатып» келеді, алдын ала адамдардың дайындап қойған малын, кісісін тірідей жұтады. Әсіресе, қыздарды жалмайды, тіпті патшаның қызын жұтам деп, жұрттың үрейін ұшырады. Онымен шайқасуға бел буған батыр-аңшыны айдаһар жұтқан кезде, ол **қырық құлаш семсерін** сертке ұстап ішіне кіріп, қақ жарады да, жұртты азат етеді, айдаһарды өлтіргенінің белгісі ретінде жонынан таспа тіліп алады. Бұдан қазақтағы айдаһар стадиялық даму сатысына сай өзіндік ерекшелікке ие екенін байқаймыз. **Қытай, Мысыр, Үндістандықтар** үш басты айдаһарды аузынан от шашқан, қанаты, төрт сирағы бар, жаңбыр жауғызып, кейде **құрғақшылық** жасап, елге апат төндіретін, **найзағай** ойнататын бейне [22]

Кейбір қазақ ертегілері мен хикаяларында әйел кейде айдаһардың етіне жерік болады және ол тотемдік сенімнің қалдығы, ал айдаһардың адамды жұтуы кәметтік сынақ салтының ізі екендігі фольклортану ғылымында анықталып отыр. Қазақтардың төл түсінігінде үш басты айдаһар жыланның алып түрі ғана. Сан қатпарлы осы күрделі бейнені жан-жақты талдаған академик **С.А.Қасқабасов**: «Айдаһар түптеп келгенде ғаламат алып жылан» деп пайымдайды [23].

Қазақ ертегілерінде айдаһар «алып жылан» түрінде кей ертеkte, халықаралық сюжеттерде кездесетіндей, сумен қатысты бейнеленеді. Мысалы, әйел бейнесінде құбылып жүріп, жігітке тұрмысқа шығады, шөлге шыдамсыз, түнде тұрып ап, үйдің шаңырағынан мойнын созып, өзеннен су ішкендігі айтылады («Айдаһар»), Кейде ысқырып, аспаннан жаңбыр жауғызады («Айдаһар

катын»), Шөлден қаталап жарылып өлгенде күн бұзылып, жанбыр жауып кетеді («Арғы мерген»), Әлбетте, бұл сарындар диқаншы, отырықшы халықтарда кездеседі. Айдаһарды жауын-шашын, су иесі деген ұғым қазақ этномәдениетіне сыртқы отырықшы жұрттардан ауысып орнықты. Көптеген халықта айдаһарды ұшатын қанаты бар, аузынан от шашатын, сирағы бар мақұлық кейпінде елестетеді. Кейде ертеке айтушылар жылан, айдаһар деген атауларды қатар қолдана береді. Айдаһар төменгі өлілер әлемінің күзетшісі, жанды о дүниеге жеткізуші рух-ие. Ежелгі заманда осы тәрізді неше алуан құбыжықтарға малды, тіпті тірі адамды да құрбандыққа шалатын қатыгез салттың талай түрі болғандығы көне мәдениет тарихынан белгілі [24].

Пифогорлықтарда 3 санының негізінде жан-жақтылық пен бірліктің үйлесімділігі қалыптасқан. Осы мәліметті уәж ретінде ұстанатын болсақ, үш басты айдаһардың бейнесін ашуға толық негіз бола қоймайды. Бірақ үш басты айдаһар үш жақтан от шашып, алды-артына, жанына адам жолатпаған дүлей күш иесі ретінде бейнеленуі адам қиялынан пайда болғанын еске түсіреді. Демек, үштіктің жан-жақтылықты бейнелейтін мәні айдаһардың үш басты болуының басты себебіне аргумент бола алады. Олай болса айдаһардың үш басты болып бейнеленіп, санада ұзақ сақталуы халықтың жан-жақтан жайпаған, адам жеңгісіз зұлымды суреттеуде үштік ұғымды ұтымды қолдануына сан атауының мифологиясы негіз болғанын байқаймыз.

**Төрт мұхаррам періште** - діни ұғым бойынша Алла Тағалаға ең жақын, дәрежесі жағынан бәрінен жоғары бас періштелер. Олар: *Жәбірейіл періште*, *Мекаил періште*, *Әзірейіл періште*, *Исрафил періште*. Осы төрт періште Алла Тағаланың әмірін, аманатын қалт жібермей, мүлтіксіз орындайды. *Жәбірейіл періште* Алла Тағаланың аманатын, хабарын, әмірін жеткізіп тұрады. Ол Алланың әмірімен Мұхаммед пайғамбарды қолдап-қорғап тұрған. *Мекаил періште* Алланың әмірі бойынша көк жүзіндегі тәртіпті бақылайды. Ол желдің соғуы, бұлттың көшуі, қар мен жаңбырдың жаууы, жер ырыздығына жауап береді. Күн күркіреп, жаңбыр жауғанда қазақ Алланың берер берекеті мол болсын деп, Алладан рақман жаңбыр тілейді. Осы тілектерді бақылаушы деп түсініледі. *Әзірейіл періште* Алла Тағаланың әмірімен адамның жанын аларда әртүрлі бейнеде келеді. Жаны таза, иманы берік, күнәсі кешірімді адамдардың жанын аларда қинамай, азаптамай, мейірімді жүзбен Алланың аманатын алуға келгенін айтады, кіжүзді, имансыз күнәһар адамдардың жанын қинап алады, аса қорқынышты, сұсты да, қаһарлы бейнеде көрінеді. *Әзірейілге* «өз жаныңды ал» деген бұйрық келгенде, ол өз жанын өзі алады екен дейді. *Исрафил* періште ақырзаманның болғанын сүр (керней) үрлеп жариялайды. Алланың әмірімен ол сүрді бірінші үрлегенде қатты дауыл соғып, тау-тас қопарылып, апат болады. Тіпті күллі әлемнің тас-талқаны шығады. Қазақ тілінде сұрапыл соқты деген тіркес осындай апатты күндерді бейнелейді.

Періштелер құлағына шалысын деп бет сипау ғұрпында осы періштелер жайлы айтылса керек. Періштелердің төртеу болуы *көктен түскен төрт кітаппен* және *төрт мұрсал пайғамбармен* сабақтас деп ойлаймыз. *Дүниенің төрт құбыласын* қорғаушы қызметтеріне қарай төрттіктің діни уәжіне де сүйенуге болады.

**Жеті піл** - әлемдік мәдени бейненің бірі. Жеті піл - символдық мағынаға ие болған мифология кейіпкер. Піл - ақылдылықты, парасаттылықты, рухани күшті, саналылықты кейіптейді. Піл Үндістан, Қытай, Африка елдерінде патшалық биліктің эмблемасы ретінде қабылданады және жақсы басқарушының сапалық қасиеттерін символдайды, яғни зияткерлікті, шыдамдылықты, сенімділікті, өмірсүйгіштікті, мейірімділікті, өркениеттілікті, бақытты ассоциациялайды. Ал жеті санының таңдалып алынуы киелілігіне байланысты. Жалпыадамзаттық түсінік бойынша, жеті - бақыт әкелуші сан. Пілдің символдық мәні мен жетінің киелі қасиеті бірігіп, жеті піл - бақыт пен қуаныштың мистикалық бейнесі ретінде санаға сіңген. Осы символдық түсінік әлемдік мәдениетте кеңінен орын алды. Қазіргі таңда жеті пілді жәдігер ретінде сақтау немесе бақыт әкеледі деп ырымдап үйде сәнді бұйым ретінде жоғары қою көне мәдениеттің жаңғыруын байқатады.

**Жеті әулие** / жеті пір – басына іс түсіп қысылған жанға көмекке келіп, жәрдем беретін, үнемі көзге түсе бермейтін тылсым күш, рух. «Алпамыс» жырында жеті әулие анық сипатталады. Байбөрі бай мен Жантілес бәйбішенің көз жасы қабыл болып, бәйбіше бір ұл бір қыз туады. Құбыла жақтан ғайыптан пайда болған жеті пір ұлдың атын Алпамыс, қыздың атын Қарлығаш деп қойып, бастарына қиын іс түсіп, шақырса қолдайтын, жәрдем беретін кәміл пір екенін айтады. Ғайыптан пайда болған жеті әулие қалендар кейпінде көрінеді. Олардың басында күләсі, иінінде жәндесі, үстінде мелдесі болады.

Жеті әулие. этномәдени ұжымның санасында ертеден, исламға дейінгі дәуірден келе жатқан наным-сенімдердің бірі болғанға ұқсайды. Ал жәрдем тілеп, қысылған жанға жеті әулие Алланың қалауымен көмек бере алады деген түсінік байырғы наным-сенімді исламмен үйлестіруге байланысты пайда болуы мүмкін. Қазақтың байырғы наным-сенімінде *жеті нан, жеті шөлпек* тарату және оның санының жетеу болуы осы жеті әулиемен байланысты екені байқалады. Діни түсінікте әулиелер тақуалықты қатаң ұстанумен рухани жағынан тазарған жандар. Олар сөзімен де, ісімен де имандылық жолына қызмет етеді. Тұрмыста өзін әулие түрінде көрсетуге тырысып, қарапайым өмір салтымен жүреді. Бұларға ұқсаған жандарды ел ішінде «әулие адам» дейді. Софылық әдебиетте жалпы әулиелер (пірлер) саны 356 деп көрсетіледі. Олар бірнеше иерархиялық сатыларға бөлінеді. Ең жоғарғы сатыдағы әулие Құтыб деп аталады. Келесі сатыдағы 3 әулие Нуқаб, одан кейінгі сатыдағы 5 әулие Аутада, одан кейінгі сатыда 7 әулие Абрар, бұдан кейін әулиелер 40 шілтен Абдал, ең төменгі сатыдағы 300 әулие Ахийар деп аталады. Ал, қазақ фольклорындағы жиі ұшырасатын Қыдыр (Қызыр) бірде ең жоғарғы сатыдағы әулие, бірде пайғамбар бейнесінде сипатталады.

**Қырық шілтен** – мифтік түсінік бойынша көзге көрінбейтін, қиын-қыстауда ауызға алса, батырды қолдап, қорғап жүретін пір, әрі әулие. Қырық шілтен мифтік аңыздарда *Ғайып ерен қырық шілтен* деп те аталады. Әуелде Қырық шілтен көзден ғайып (көзге көрінбейтін) кілең ержүрек *қырық ер* деген ұғымда жұмсалып, батырлардың сиынатын пірі болған. Парсы тілінде гил “қырық” деген мағынаны білдіреді. Эпикалық жырларда батырлар ұрысқа кірмес бұрын, жекпе-жекке шықпас бұрын Қырық шілтенді ауызға алып,

Қыдыр ата жар болып,  
Қырық шілтен қолдай көр.

Жолымды Құдай ондай көр, – деп пір тұтып сиынады. Халық түсінігінде Қырық шілтен о баста батырлардың пірі ретінде қолданыла келіп, кейіннен әулиелер санатына қосылып «қос функциялы қызмет» атқарған екен.

Наурыз тойланатын елдерде 362 әулиенің ішінде Ғайып Ерен, қырық шілтен, жеті әулие ерекше деп танылады, мұндағы жеті әулие абрар деп аталады. Наурызкөжедегі жеті дәмнің арғы мәнінде жеті әулиені пір тұту жатады, деп жорамалдауға болады.

Қазақ дүниетанымы бойынша ана құрсағынан аман-есем жарық дүниеге келген сәбиді *Қырық Шілтен* күн сайын біреуден келіп, қырық күн күзетеді екен деседі. Қырық күн өткенде шілде күзет аяқталды деп, шілдекүзет немесе шілдехана тойын өткізеді. Сол сияқты байырғы наным сенім бойынша қысылып-қиналған, басына тауқымет түскен жан Ғайып ерен, қырық шілтенді шақырып, медет тілеген.

**Қырық қыз.** «Қорқыт ата» жырындағы қырық қыз қасиетті қырық санымен аталған. Ел намысы мен өз намысын қорғаған қазақтың ержүрек қыздары туралы аңыз әпсаналар ел ішінде аз кездеспейді. Сондай аңыздың бірінде *көл жағасында серуендеп жүрген қырық қызға жау әскері тұтқиылдан тап болады. Жау жерімізді таптамасын, бізді тірідей қолға түсіріп, намысымызды аяқ асты етпесін деп, қырық қыз бір ауыздан Тәңірге жалбарынып, жауды жібермейтін тас қамалдай болып, тауға айналайық, мыңғырған дұшпанның қолы тасқа айналсын депті. Сол сәтте қырық қыз қырық шоқылы тау тізбегіне, ал жау әскері етекте жатқан тасқа айналыпты.* Қаратаудың Қазығұрт өңіріндегі Қырық қыз тау аты (ороним) содан қалыпты деседі. [25].

Көрнекті ғалым, фольклортанушы С.Қасқабасов «Қазақ мифі және әлемдік мифология» атты зерттеу еңбегінде: Мифтің бүгінгі күні жеткен сұлбасынан діни сенімнің, таным-тәжірибенің, өнердің, философиялық, тіптен саяси көзқарастардың да алғашқы нышандарын дамытуға болады. Мифтік сана дәуірінде миф біртұтас бөлшектенбеген, синкретті қалпында, әмбебап сананың үлгісі ретінде көрініс тапқан деудің қисыны бар. Былайша айтқанда, Миф дегеніміз – дүние-тіршілікке қатысты қалыптасқан қоғамдық сананың бірден-бір әмбебап көрінісі. Осы тұста байырғы адамдардың қоғамдық санасы ретінде көрініс тапқан миф пен сол мифтің ғасырлар сілемін көктей өтіп келіп, бүгінгі адамдардың аузымен айтылуының арасында айырмашылық болатыны назар аударарды. Бұл айырмашылық мифтің халық жадында құбылуынан немаесе шыңдалуынан туған айырмашылық емес. Мұны дүние тіршілікке қатысты адам санасының өзгеруінен туған айырмашылық десе болар. Себебі, байырғы адамдар үшін Миф – сананың, таным-түсініктің, өмір салттың үлгісі болса, бүгінгі адамдар үшін миф-өткен өмірдің жаңғырығы», – деген болатын.

Қорыта айтқанда сан атауларымен берілген мифтік бейнелер, яғни жеке ұлтқа тән, жалпыадамзатқа тән мәдени бейнелер діни (тәңірлік, буддалық, христиандық) дүниетаным бойынша табиғат құпияларын пір тұту, жан-жануарларды культке айналдыру жағдайында дүниеге келген, жаратылыстың бастауы туралы сыр шертетін мифтік кейіпкерлер. Зерттеуге алынған сан атаулы мифтік бейнелердің құрамындағы сандар мәні ұлттық және әлемдік символикамен сабақтасады. Демек, лингвомәдениеттанудың негізін құрайтын сан атаулы мәдени бейнелер ұлттық, әлемдік мәдениетті жаңғыртушы культтік құндылық болып саналады.

*Пайдаланылған әдебиет:*

1. Воробьев В.В. Лингвокультурология: учебное пособие. Фрагмент книги: сс. 1-112 — М.: Издательство РУДН, 2006.
2. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1970. – 13 б.
3. Маслова В.В. Лингвокультурология. -Москва, 2001.
4. Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы, 1997. – 272 б
5. Вежицкая А. Язык, Культура, Познание, - Москва: Международные отношения, 1996. - 240
6. Воробьев В.В. Лингвокультурология. Теория и методы. – Москва. Изд. РУДН, 1997. – 331 с.
7. Авакова Р. Фразеологиялық семантика. – Алматы, 2002. – 286 б.
8. Салқынбай А. Тарихи сөзжасам. – Алматы: Қаз. Университеті, 1999. – 309 б.
9. Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 196 б.
10. Алдашева А. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы: Арыс, 1998. – 215 б.
11. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл
12. Қасқабасов С. Ойөріс. Астана: Полиграфия, 2009.
13. <http://adebiportal.kz>
14. Ожегова. С.И. Ожегов, Н.Ю. Шведова. Толковый словарь русского языка.- Москва, 1992
15. [ru.wikipedia](http://ru.wikipedia)
16. Нұрдаулетова Б. Когнитивтік лингвистика. – Алматы, 2011. 308 б.
17. Вильгельм фон Гумбольдт. Язык и философия культуры. — М.: Прогресс, 1985. — 452 с.
18. Сепир Э. **Избранные труды по языкознанию и культурологии.** - Москва. Прогресс. 1993. - стр 656.
19. Потебня А. А. Символ и миф в народной культуре. М., 2000.
20. Леонтьев А.А. Психология образа // Вестник МГУ Сери 14. Психология. Москва, 1979. №2.
21. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл
22. *Пропт В. Я.* Исторические корни волшебной сказки. М.: **Лабиринт**, 2000. — С. 2010
23. Қасқабасов С. Қазақ мифі және әлемдік мифология // Жұлдыз.- 1998. - N 11.- 163-176 б
24. [ru.wikipedia.org/wiki/Дракон](http://ru.wikipedia.org/wiki/Дракон)
25. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 4-том. – Алматы: DPS, 2011.

МРНТИ 14.35.09

*Kemelbekova Z. A.<sup>1</sup>*

*Abay KazNPU,*

*<sup>1</sup> candidate of philological sciences, senior lecturer*

## LITERARY TEXTS IN THE FOREIGN LANGUAGE CLASSROOM

### *Abstract*

The present article is aimed at emphasizing the use of literary texts and main criteria for selecting suitable literary texts in foreign language classroom. The research showed that literary text is not only a tool for developing the written and oral skills of the learners in the foreign language but also is a window opening into the culture of the foreign language, building up a intercultural competence in students. Literary texts serve for creating a highly motivating, amusing and lively lesson.

**Keywords:** foreign language, literary text, reading, teaching, motivation, effectiveness

*Кемелбекова З.А.<sup>1</sup>*

*КазНПУ им.Абая,*

*<sup>1</sup>к.ф.н., ст.преп.*

## ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ТЕКСТЫ НА УРОКЕ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

### *Аннотация*

В данной статье рассматривается использования и принципы отбора художественного текста на занятиях по иностранному языку. Исследование показало, что художественный текст - это не только инструмент развития письменных и устных навыков обучающихся иностранному языку, но и окно в культуру страны изучаемого иностранного языка, а также формирование у студентов межкультурной компетентности. Художественные тексты служат для создания высоко мотивирующего, забавного и живого урока.

**Ключевые слова:** иностранный язык, художественный текст, чтение, обучение, мотивация, эффективность.

## ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҒЫНДА КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

*З.А.Кемелбекова<sup>1</sup>*

*Абай атындағы ҚазҰПУ*

*<sup>1</sup>ф.ғ.к., аға оқытушы.*

### *Аңдатпа*

Бұл мақалада шетел тілі сабағында көркем шығармаларды қолдану және оларды тандау принциптері қарастырылады. Көркем шығармалар шетел тілін үйренушінің жазбаша және ауызша тіл дағдыларын дамытатын құрал ғана емес, тіл үйренуші көркем мәтінді оқу арқылы шетел тілінің мәдениетін танып біледі. Сонымен қатар көркем шығармалар шетел тілін үйренушілерде мәдениаралық күзиретін қалыптастырады. Көркем шығармалар сабақтың мәнді әрі қызықты өтуіне ықпал етеді.

**Түйін сөздер:** шетел тілі, көркем мәтін, оқылым, оқыту, ынталандыру, тиімділік

## Introduction

The status of the literary text in the didactics of languages has three important periods that can be summed up in three words: development, decadence and renewal. The literary text developed with the communicative approach. "Learning of languages must also become a way of transmitting values, exchange of values and allow men to get to know the self, to understand, to move forward together respecting each other. Literature is the privileged place where you can find these values. Literature is the world of a reader that can be shared. Therefore without making it sacred, it is necessary to give the literature again a place that must be its within training." [1].

The common European Standard frame of languages encourages aesthetic use of poetics of the language in class: «The use of the language for dream or for pleasure is important in educational plan but also as it is itself. Aesthetic activities can raise production, reception, correlation or mediation and can be oral or written [...]. They include such activities as: [...] - production, reception and representation of literary texts such as reading and writing texts (news, novels, poems, etc.). » [2].

The literary text is distant and aside from practices and it is replaced with articles, interviews, dialogues, recordings, pictures, video in classes of foreign language. Its use problematic and unclear in course of learning the language. This problem pushed us at the idea of rehabilitating literary texts in foreign language class. Based on it, we decided to lead a research study on this subject.

Objective is a reflection around questions which we could formulate as the following:

What is the real use of the literary text in foreign language class? How do the students understand and interpret the literary texts? What difficulties do they face in understanding and of interpretation of literary texts? And on which criteria does the professor select to choose the literary texts? Which stakes do the literary texts introduce to the class of foreign language?

### **Read to analyze, to understand, to interpret**

Reading is considered to be a mean of research and discovery of the literary text. It is important for a student to have a contact with the literary text so that to discover the sense of training.

During reading the learner can manipulate the literary text in an autonomous way and the text becomes native to him. Umberto Eco says "The space of work becomes for a reader free to interpret the text of different possible senses". [3].

So, learning autonomously is considered as the subject which becomes a social actor that participates in its own training. Annie Rouxel in her book "To teach literary reading" explains that «they are made to provoke the pupils to questioning of why texts, about reality and imagination to which they return. The questions which they answer already represent a way of their use to implicate in this particular communication that literature works give and it contributes partly to construct their reception». [4].

The method of semiotics is the most registered in the classes of foreign language and allows the student to play indirectly with structure and language of the text. Furthermore it allows to understand better the literary text and to study the specifics of the language of the text. To achieve the aim the teacher must avoid giving his own interpretation of the text and allows students to interpret the text freely without any interference. In that way, student learns to interpret and to speak freely. The teacher must invent new strategies of literary reading. We shouldn't only understand the text as the linguistic and cultural tool, but also allocate its pedagogical role, aiming at change it into the practices of reading of learners. The objective is to find some pleasure in the discovery of the actions of the characters to which the reader can more or less become identified. Reading of the literary texts for the pleasure of the language develops an aesthetic taste of the language. How to transport the learner this idea of pleasure which is linked to reading?

### **The literary text as a mean of access to the culture of other one**

First of all, literature is made by human. It is a privileged tool of the training humanist and human values that allows to develop and to enrich the personality of the readers.

«Literature is a privileged value of creating humanist since it opens all dimensions of the human being (history, culture, imagination, etc.) in that way; literature allows to develop and to enrich the personality of the readers. The necessity of literary transmission as a place of memo and language domiciles due to the fact that it is also a place to master the cultural knowledge and emotion. » [5].

Approach of the cultural aspect of training puts the emphasis on the intercultural communication to make easier the integration of the reader in the text. «The intercultural communication is a prerequisite

because it relates to the text it is in its intercultural essence, accounting an obligatory of the course of culture "multiplicity" characteristic to crossings of the present time civilization» [6].

The training of language in FLT is inseparable of the teaching of culture, culture of other one from another side across other culture. Cultural competence is one of conditions of access to the text to share cultural competences as those of the text, across the text it can be a mean of access to another culture and the culture of the reader.

«The literary text is considered to be one expression, a fragmentary look carried on a cultural model. It is in the sense that we envisage the training of a foreign language. Since to learn a foreign language it is not only to study the language, it is necessary to establish a parallel between the discovery of a culture and the training of language. All in all, highlight this shared culture. Therefore the training of the foreign language implicates the discovery of new cultural practices and new values». [5].

“The contact with the text puts learner in contact with other cultures. While the reading the text student-learner compares the text which he reads with other texts, his own language with the language of other one, and his own culture with the culture of the text.

### **The literary text as “language laboratory”**

The literary texts in a language class allow the students to improve their competences of the oral communication and of writing. Literature is a “language laboratory”. This rebirth of the literary texts registers the continuity of communicative approach in European educational context that reflects the importance granted to literature creativity by the European common standard for languages, among which the best vector is the workshop of writing. Work with the literary text in language class gives taste and pleasure of reading for better writing. So, the use of the literary text can help to develop different categories of knowledge: Linguistic, socio-historical, cultural, and stylistic and rhetoric, discursive etc.

Reading literary texts can help to appropriate the characteristics of different genre of texts (novels, poems, news, commixes, tales, photo novels etc.), to discover the new ways of self-expressing in writing. Indeed, literature recuperates a manifold typology of texts: retelling description, narrative, poetic. The narrative text allows learner to acquire technology ordering their ideas, of telling by using the logic-temporal connector to put ideas in report form, to structure what is written, to take into consideration difference of language etc. and if they consider that “the acquisition of a narrative competence is not easily made”.

The teacher can offer the trainees to make activities at the oral examination with the poetic text. The dramatic text, according to Albert and Souchon [7] can improve the speech of learner as theatrical game teaches to conduct a dialogue, prosody of the language, small play performances help the students to learn to overcome inhibition and fright of public speaking and develop expressive creativity of the oral speech.

### **The literary text is considered as a mean of appropriating the language**

The literary text is the best support which the teacher gives to learner to adapt, to master foreign language. The teacher must give impulse to learner to master the language and use it for linguistic aims and expectations. In literature first of all the text is exploited to transmit literary knowledge, but in foreign language class it should not be the only purpose, it must be exploited to accomplish several pedagogical aims of linguistics; to teach any text means to teach indirectly the language taking into consideration this text, aesthetic aims which concern training of stylistics, and rhetoric and, finally, socio-historical and cultural objectives because firstly, any text is the society and culture to which it relates. From didactic point of view the teacher must take into account all conscience of these dimensions of the literary text education and not only the aspect to enlarge the field of literature investigation of the text and make it more flexible in numerous manners to allow the learner to master it appropriately in various ways. The literary text must be exploited with linguistic aims. The literary text must be the place of pleasure of language and give taste to the training of language to motivate students.

### **Teacher as “ambassador” of knowledge**

As regards the role of the professor, first of all he is animator. He must transmit efficient and pertinent knowledge so that to train a student to find a sense in this training. The role of the teacher is not to be the intermediary between the text and learner because his role will be rather to show the tools which learner can possibly use to grab well the sense of the text. The teacher owes to avoid giving his interpretation but he is a guide who puts questions to a learner to orientate his interpretation and give him freedom to express. On the other hand, it will be appropriate if he points out ways to be followed to understand his ideas and interpretation of the text. When everything is said and done, “the role of

professor is to support the correlation of the text and the reader” [15]. And learner must possibly understand, interpret, analyze the literary text, react to what he reads and express his ideas in foreign language.

### **How to choose?**

The choice of the literary texts is a very complicated thing for the teacher. He must take into account the criteria given below:

1. The age of learner
2. Taste, interests of learner
3. The level of training: length and degree of difficulty of texts
4. Importance of training intercultural communication
5. Take into consideration different genres: drama, poem, epic literature, comic strip, songs, radio plays etc.
6. The aims and objectives of lesson

First of all, it is the choice of the literary texts for being taught. The first objective of the teacher as a social actor is to know his student well as the receiver of the text, to choose accessible text, which is adequate to the level of the students, their centers of interests, but they should also correspond to linguistic and communicative expectations defined in the didactic contract established beforehand. It is necessary for teachers to know the authors and literary texts to be used at language class. On the other hand, as regards the taste of students, it is very hard to satisfy the taste of all students. On the other hand the professor can discuss with them and come to a pertinent solution in class. This interrelation can be very interesting because the student gives a sense of responsibility to his training and becomes a true social actor of the training. He speaks with one person and simultaneously acts with another one.

As for pedagogic approach to be adopted, first of all the teacher must love and make literature alive. The professor must create activities to motivate the curiosity of the students, in accompanying little by little towards discovery and pleasure of literature, with the intention to avoid grammar- translation and reading-translation. It is a problem of managing learners to the reading of literary texts that will allow them to open another world, to open the self to different cultures, and also to develop their critical attitude as well as their creativity. For example, workshop of writing is the possibility of improving their competence of written production, thanks to a stake of communication, in correlation, read- write.

In summary, the work with literary text at foreign language class must be attractive, accessible for all. It is necessary to observe it in an action perspective. The learner acts the text; he does not content himself to notice it, he understands and interpreters. It must be multifunctional because the literary text has linguistic cultural, aesthetic contents and pragmatic trace. The literary image text full fills different functions. It could be a source of knowledge or a mean of motivation. It is a tool of access to reference, which gives power to understand the world, to get your own place in the world to develop the personal identity and creativity of learner.

### *List of literature*

1. M.-H. Esteoule-Exel, S. Regnat Ravier. *Open Books*. (University Grenoble Press of, p. 6. 2008).
2. COUNCIL OF EUROPE. *Common European Reference frame of languages*. (Paris, Didier, 2005, p. 47).
3. Umberto. ECO. *Reader of fable, the role of reader*. (Edition of Grasset and Fasquelle, Paris.1985.p.27).
4. A. ROUXEL. *Teaching literary reading*. (Rennes: University Presses of Rennes. 1996).
5. Roser. CERVERA. Research of literature didactics, *Synergies of China* n°4, 2009, 45-22.
6. A. SEOUD. *For Didactics of literature*. (Paris: Didier. 1997).
7. M - C. ALBERT. M. SOUCHON. *Literary texts at language class*. (Paris: Hachet. 2000).



МРНТИ 14.35.09

Б.Е.Букабаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>филология ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы, филология және көптілді білім беру институтының аға оқытушысы

## СӨЗ МАҒЫНАСЫНЫҢ ОНТОГЕНЕЗИ

*Аңдатпа*

Мақалада онтогенезде сөз мағынасының қалыптасу мәселелері қарастырылады. Бұл мәселені қарастыруда сөз мағынасы онтогенезде дамып отыратыны, оның онтогенезде меңгерілуі ұзақ үрдіс екені сараланады. Сөз мағынасының онтогенезін саралауда баланың сөзінің семантикалық құрылымы ересек адамның тіліндегі сөз құрылымына қиюласатыны адам баласының сөйлеу тілінің шығуы мен қалыптасу мәселесімен айналысқан ғалымдардың бала тілін бақылау мен зерделеу жолдары мақалада ұсынылады. Сонымен қатар мақалада, сөз мағынасы сөз бен ойдың бірлігі болғандықтан, сөйлеудің ұғымдық жағы да дамып отыратыны, сөз мағынасының дамуында күрделі психологиялық процесс жүретіндігі, ол адам баласы қоршаған ортасымен сөйлеу әрекеті барысында іске асатындығы көрсетіледі.

**Тірек сөздер:** Сөйлеу әрекеті, сөйлеу әрекеті онтогенезі, бала тілі, сөз мағынасы, филогенез, сөйлеу әрекеті онтогенезіндегі лексикалық мағына, психологиялық құбылыс, ойлау, сөйлеу, ұғым

*Букабаева Б.Е.<sup>1</sup>*

*к.филол.наук, старший преподаватель, института филологии и полиязычного образования  
Казахского национального педагогического университета имени Абая,*

## ОНТОГЕНЕЗ ЗНАЧЕНИЯ СЛОВА

*Аннотация*

В данной статье рассматриваются проблемы формирования онтогенеза значения слова. В статье дается наблюдения и эксперименты отечественных и зарубежных ученых по детской речи, в частности, каков процесс соотношения семантической структуры слова детей со структурой слова взрослых. Также в данной статье освещены вопросы формирования значения слова в речи человека в языковой среде, сложного психического процесса в развитии значения слова, так как значение слова это единица взаимосвязи слова и мышления, и развития понятийной стороны речи.

**Ключевые слова:** речевая деятельность, онтогенез речевой деятельности, детская речь, значение слова, филогенез, лексическое значения в онтогенез речевой деятельности, психологическое явление, мышление, речь, понятие

*Bukabayeva B.E.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Cand. of philological science, senior lecturer of the Institute of Philology  
and multilingual education at AbaiKazNPU,*

## ONTOGENESIS OF WORD MEANING

*Abstract*

The article deals with the ways of development of the phonetic component in the formation of lexical meaning in the ontogenesis of speech act. This article deals with the problems of the formation of word

meaning ontogenesis. Observations and experiments of native and foreign scientists on child language are given in the article. In particular, the process of correlation of the semantic structure of child's word and the structure of adult's word. And also, the formation of word meaning in human speech in language environment, complex mental process in the development of the meaning of the word, as the meaning of the word is a unit of the correlation of the word and thought, and the development of the conceptual aspect of speech are presented in this article

**Key words:** speech act, ontogenesis of speech act, child's language, word meaning, philogenesis, lexical meaning in the ontogenesis of speech act, psychological phenomena, thought, speech, concept

Қазіргі тіл білімі ғылымының алдына қойған мақсаттарының бірі – тілдегі құбылыстардың шығу тегін, өзгеруін, қыр-сырын, даму ерекшелігін үлкен бір жиынтық ретінде когнитивтік тұрғыда сөйлеу әрекеті негізінде, яғни кешенді түрде зерттеу. Сөйлеу әрекеті кешенді құбылыс болғандықтан, бірнеше ғылым салаларында (лингвистика, психология, физиология, психоллингвистика) зерттеу нысанына қарай қарастырылады. Олардың сөйлеу әрекеті негізінде зерттелуінің себебі, ортақ негіз – тіл. Өйткені, сөйлеу әрекетін күрделі иерархиялық процесс ретінде қарастыра отырып, ондағы алдын ала мәлім, таныс үздіксіз жүріп отыратын жағдайды, тілдік қарым-қатынасты ескермей айқындау мүмкін емес.

Жалпы тіл білімінде сөз мағынасы прагматикалық аспектіде, филогенез деңгейінде жан-жақты қарастырылған. Ал сөз мағынасының алғашқы пайда болуын, қалыптасуы мен дамуы барысын сөйлеу әрекеті онтогенезінде зерттелуінің бірден-бір себебі, сөздің психологиялық статусы ойлау мен сөз формасы бірлікте болатындығында. Өйткені, мағынаның психологиялық құрылымы сөздің сөздіктегі анықтамасымен ғана шектелмейді, ол қолданыс барысында, яғни сөйлеу әрекетінде сөздердің арақатыс жүйесіне байланысты болады. Сондықтан да бұл мақалада сөз мағынасы сөйлеу әрекетінде лингвистикалық мәселе ретінде қарастырылады, себебі ұғым мен мағына тілдің маңызды мәселелерін сараптауда шешуші рөл атқарады.

Сөз мағынасы филогенезде алғаш зерттелуі, дәлірек айтқанда тілдегі семантикалық қатынастардың заңдылықтары мағынаның кенекі мен тарылуы, өзара мәндік ауысу, мағынаның бөлінуін XIX ғ. француз лингвисті М. Бреаль есімімен байланысты болса [1], сөз мағынасының онтогенезі, яғни баланың алғашқы өз ана тілінде сөз мағынасының шығуы, оның даму жолы адам баласының түйсігінің дамуы негізінде болатынын 1930ж. алғаш Л.С.Выготский еңбегінде қарастырылған. Ғалым сөз мағынасының дамуын психологиялық процестің негізінде саралап, сөз мағынасының дамуын ұғымдық және жүйелі сөз мағынасының дамуы деп атайды. Сөз мағынасының ұғымдық дамуы ғалым сипаты бойынша заттың немесе құбылыстың белгілі бір сипатын анықтау және белгілі бір топқа жатқызу өзгеріссіз болмайды, ол бала дамуымен бірге дамып отырады деп, ал сөз мағынасының жүйелі дамуын маңызды психологиялық құбылыс деп санайды. Өйткені сөз мағынасының дамуында тек ұғымдық жағы ғана дамып отырмай, сонымен қатар оның жүйелі психологиялық құрылымы да дамып отырады. Сонымен қатар сөйлеу мен ойлау мәселесін қарастыруда сөз мағынасы бірден-бір жемісті сараптама беретінін астын сыза көрсетті [2,458 б.].

Адам баласы айнала қоршаған ортаны нақты бір байланыс, қарым-қатынас, жалпы ұғымдар арқылы таниды. “Ұғым – заттың немесе құбылыстың жай ғана бейнесі емес, олардың басты белгілерінің ойда қорытылып, топшыландырылған (жалпыландырылған) бейнесі” [3,86 б.]. Заттар мен құбылыстарды бейнелейтін ұғым тілдік белгілер арқылы, мағына түрінде беріледі, яғни тілде сөз арқылы айтылады, сөз мағынасында тіркеледі, бекітіледі. Ал бұл құбылыс адам баласының алғаш тілі шыққанда, белгілі бір зат немесе құбылыс туралы өз түсінігін, өз қажеттігін өзінің топшылауы бойынша жалпылама бір сөзді сөйлеммен береді және бірте-бірте оның бір сөзді айтылымы екі сөзді, үш сөзді сөйлемге ұласып, тілі ширай бастайды.

Сөз бен ұғымға берілген ғалымдардың сипатына сүйенсек, сөз бен ұғым екі түрлі категория: сөз – лингвистикалық, ал ұғым – логикалық категория. Екеуі белгілі бір қарым-қатынасқа түседі де, ұғым сөз негізінде болады да, сөз белгілі бір ұғымды білдіреді, бірақ бұл құбылыс барлық сөздерге тән емес.

Ә.Хасенов сөз мағынасы мен ұғымға тиянақты зерттеу жүргізе отырып, екеуінің арасындағы айырмашылықты былай береді: “Сөз мағынасы дегеніміз ақиқат өмірдегі заттар мен

құбылыстардың тілдегі сәулесі. Сөз ұғыммен байланысты. Ал ұғымда заттар мен құбылыстардың ең негізгі және ең басты белгілері қамтылады.” Мағына, ұғым туралы ғалымның ойын әрі қарай жалғастырсақ: “шылау сөздермен одағайларда белгілі мағына болады да, белгілі ұғымды білдірмейді; сөз алуан түрлі реңке ие бола алады, ал ұғымда эмоциялық бояу болмайды; ұғым жалпы адамзатқа тән категория, яғни зат пен құбылыстың жалпы қажетті жақтарын білдіреді, ал сөз мағынасы нақты бір тілге тән категория” [4, 92-94 бб.]. Олай болса, ұғым құбылысы сол қоғамның мүшесі балаға да тән категория болып табылады. Ал, нақты бір тілге тән сөз мағынасы категориясының пайда болуын, оның шығу және даму барысын көрсететін сөйлеу әрекеті онтогенезі болып табылады.

Ұғым, сөз және мағынаның өзара байланысы шеңберінде жүргізілген зерттеулер баршылық. Сөздің семантикалық құрылымында ұғымның орны және ұғымның мағынадан айырмашылығы тіл білімінде үнемі назарда болды. Тіл білімі тарихында мағына мен ұғым бір деп қарастырылған болатын. Бұның бірден бір себебі, сөз семантикасын тіл білімінде логикалық бағытта қарастыру болатын. Сөз мағынасының пайымдау мен классификациялау табиғатын ескеруде ұғымды қамтымай кету мүмкін еместігі көп зерттеулерде дәлелденген.

Сөз мағынасы онтогенезде өз компоненттерін қайта құрып, дамып отыратыны, сөз мағынасын онтогенезде меңгерілуі ұзақ үрдіс екені және баланың сөзінің семантикалық құрылымы ересек адамның тіліндегі сөз құрылымына қиюласатыны А.Р.Лурия, Е.С.Кубряковалардың пікірі бойынша кеңестік психологияның ғылымға сіңірген үлкен бір еңбегі болып табылады [5; 35, 200 б.].

А.Р.Лурия өз кезегінде Л.С.Выготский теориясына сүйене отырып, сөз мағынасының онтогенезін қарастыруда мән мен мағынаға дәйекті, түбегейлі сипаттама береді. Ғалым мағынаны жалпы адамға тән бірдей пайымдаудың тиянақты жүйесі, бірақ бұл жүйе затты сипаттауда кең ауқымды қамтамасыз еткенімен өзгермейтін түйіні, яғни ядросы бар деп табады. Ал мән немесе ұғым сөздің жеке мағынасы, яғни затты немесе құбылысты белгілі бір кезеңге, белгілі бір жағдаятқа байланысты сипаттау болып табылады. Демек, сөздің мағынасы – заттың немесе құбылыстың объективті көрінісі, ал мән немесе ұғым белгілі бір жағдаятқа сәйкес мағынаның субъективті аспектісі болып табылады. Сөздің аталмыш екі компонентінің дамуын қарастыруда өзіндік ерекшелігі бар экспериментальды зерттеуді қажет ететін бала тілі құнды мағлұматтар бере алады. Алғашқыда баланың сөзі ересек адамның сөзімен дыбысталу жағымен сәйкес келеді. Бұл сәйкестік сөздің номинативті қызметімен байланыстырылып бір сөзді, екі сөзді, үш сөзді сөйлемнен беріледі [6,56 б.]. А.Н.Леонтьев бұл ойды былай деп айқындай түседі: “...слова-предложения” или предложения номинации становятся возможным тоже только тогда, ребенок овладевает назывной функцией слова”, дей келе “появление собственно речевой деятельности связано с номинативной функцией слова” [5, 25-30бб.]. Демек, бұл кезеңде баланың санасында зат пен оның атауының арасында байланыс туа бастайды. Ол сөйлеу әрекеті онтогенезінде бір сөзді, екі-үш сөзді сөйлем түрінде көрініс береді.

Бірақ, баланың алғашқы бір сөзді сөйлемінің мағынасы сөз мағынасымен сәйкес келмейді. Дегенмен де, сөз мағынасының бастауы, баланың алғаш айтқан бір сөзді, екі сөзді, үш сөзді сөйлемдерде негізделетінін Е. С. Кубрякованың мына бір тұжырымы айқындайды: “...ребенок фиксирует смыслы, отражающие некое мысленно содержание, и фиксирует их с помощью вербальных, языковых знаков, обладающих пусть и самым примитивным, неразвившимся, но значением” [7,185 б.].

Қазіргі заманғы тіл білімінде сөз мағынасына берілген сипаттама көлемінің кендігінің себебі оның күрделі, функциональды көп бейнелі және жылжымалы сипатына байланысты. Өйткені, сөз мағынасы деп ұғымды, сөзбен аталатын затты, сөздің қолданылуын, лексико-семантикалық вариантын, сөзбен берілетін ақпаратты немесе ақпарат инвариантын, семантикалық сипаттардың семантикалық жиынтығын, адам баласының сөзге деген реакциясын білдіреді [8].

Тіл мамандары тарапынан да, психологтар тарапынан да сөз мағынасы зерттеу объектісіне қарай жан-жақты қарастырылып, әртүрлі анықтамалар берілген. Сондықтан, алдымен аталмыш ұғымды анықтап алғанымыз жөн. Лексикалық мағына - зат, құбылыс, қасиет, іс-әрекет туралы түсініктің адамның ой-санасында бейнеленуіне және орнығуына ықпал ететін сөз мағынасы [9,254 б.].

Лингвистикада сөздің лексикалық мағынасы – дыбыстық кешеннің, ақиқат өмірдегі құбылыстардың бірімен белгілі бір тілде сөйлеуші коллектив арқылы белгіленген байланыс түрі

болып саналса, психология саласында сөз мағынасы ойлау мен сөйлеу процесінің бөлінбейтін бірлігі ретінде қарастырылып, сөз мағынасы мен пайымдау синонимдар болып табылады [10,88 б.]

Адам баласының тілінің бірте-бірте мағынасына қарай түзіледі. Өйткені, әр кезде белгілі бір мағына болады. Сөздің мағынасында бір затты немесе құбылысты басқа бір заттан не құбылыстан айырып көрсететін белгілер жинақталады. Ал осы белгілер, яғни заттар мен құбылыстардың мағыналары адам баласы тілінде бірден қалыптаспайды. Сөз мағынасын меңгеру – күрделі құбылыс, ол белгілі бір кезеңдерге, факторларға байланысты болады. Өйткені сөз мағыналары дамып отырады. Олар үнемі өзгеріп, дамып, бұрынғы мағыналарының үстіне жаңа мағына қосып алып отырады немесе ескі мағынасы жойылып, басқа мағынаға ие болатыны белгілі.

Жеке адам баласының санасында сөз мағынасының дамуын психологиялық және психоллингвистикалық тұрғыдан қарастырудың бастауы болып табылатын Л.С.Выготский және Ж.Пиажениң еңбектері соңғы жылдары бала тілінде сөз мағынасының даму мәселесін қарастыруда психологтардың, психоллингвистердің және лингвистердің қызығушылығын арттыруда. Біздің зерттеуімізге аталмыш ғалымдардың мектебінің негізгі қағидаларының бірі – бала санасында сөз мағынасы іс-әрекет пен қарым-қатынас барысында қалыптасады деген ойы арқау болып отыр. Сондықтан да белгілі бір тілге тән лексикалық мағынаның пайда болу барысын анықтауда сөйлеу әрекеті онтогенезінде, яғни бала тілінен қарастырамыз.

Сөз мағынасы – ойлау мен сөйлеу әрекетінің бірлігі, өйткені оны не сөйлеу құбылысы, не ойлау көрінісі деп дара қарастыруға болмайды. Сөз мағынасы – ойлау мен сөйлеудің тығыз байланысын көрсететін негізгі құрал екендігін Л.С.Выготскийдің мына бір тұжырымынан көреміз: “Значение слова оказывается одновременно речевым и интеллектуальным феноменом, ... значение слова есть феномен мышления лишь в том смысле, в какой мысль связано со словом и воплощена в слове – и обратно. Оно есть единство слова и мысли” [2,322б.]. Демек, сөз мағынасының пайда болып дамуы қалыптасуларын зерттеу адам баласының ойлау қабілетінің даму сатыларын бақылауға мүмкіндік береді. Ғалым бала ойлауының негізгі кезеңдерін атап отырып, бала сөзі мен ересек сөзі номинативті қызметі бойынша сәйкес келгенімен, сол атауға бала мен ересек адамның келу жолы, ойлау операциялары түрліше болатындығын айтады [10,143б.].

Сөздің лексикалық мағынасы заттың құбылыстың нақ өзі болмағанымен, ол ұғым арқылы түсірілген бейнесі. Сондықтан сөз мағыналарын саралағанда ең алдымен оның ең алғашқы негізгі мағынасын табу керек. Сөздің негізгі мағынасы айтушы мен тыңдаушыға ортақ нақты заттық ұғымды білдіреді.

Сөз мағынасы сөз бен ойдың бірлігі болғандықтан, сөйлеудің ұғымдық жағы да дамып отырады. Сөз мағынасының дамуында күрделі психологиялық процестер бар. Ол адам баласы қоршаған ортасымен сөйлеу әрекеті барысында іске асады. Тілдегі сөздер бір-бірінен дыбыстық ерешелігі мен құрылым жағынан ғана емес, білдіретін мағынасы жағынан да әр қилы екені белгілі.

Қоғамның даму барысында адам баласының тілі де дамиды. Яғни, баланың алғаш тілі шыққанда айтқан сөз мағынасының пайда болу мәселесі мен дамуы қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түсу барысында, оның психологиялық, физиологиялық дамуына байланысты болады, және де ұрпақтан ұрпаққа мирас болып жететін тарихи дамудағы тілдік дайын орта бар. Бұл мәселе тек лингвистика мәселесі ғана емес, сонымен қатар жалпы психологияның мәселесі екенінің тағы бір айғағы. Мәселен, Қ.Аханов тілдің шығу мәселесін қарастыруда И. П. Павловтың: “Сөз бірінші сигналдардың сигналы бола отырып, шындық өмірдің екінші, бізге ғана тән сигнал жүйесін құрды” деген тұжырымына сүйене отырып, сөздің сигналдардың сигналы болуымен бірге, адамға айырықша әсер ететінінің себебін былай деп сипаттайды: “Адам сөздің дыбысталуына ғана емес, сонымен бірге ең алдымен, оның мағынасына мән береді” [3,448б.]. Демек, бала мен ересек адам арасындағы сигнализация тілдік белгі сөз арқылы іске асады. Олардың мағынасының меңгерілуі әр түрлі болады.

Ойлау мен сөйлеудің негізгі бірлігі сөздің ішкі жағында, оның мағынасында екені ғалымның сөзге берген мына бір ой тұжырымы айқындайды: “Само слово представляет собой живое единства звука и значения и содержит в себе, как живая клеточка в самом простом виде все основные свойства присущие речевому мышлению в целом” [2,14 б.]. Демек, дыбыс пен сөз мағынасын бір-біріне байланысты емес деп қарастыру мүмкін емес, өйткені мағынадан айрылған дыбыс адам баласының сөйлеуіне тән өзіндік мағынасынан айрылады.

Сөз мағынасының тікелей затқа байланыстылығын бала ересек адамның қатысуымен, яғни оның көмегімен меңгереді. Баланың зат атауы ересек адамның атауымен сәйкес келеді. Бірақ сөз мағынасы сәйкес келмейді. Бала тіліндегі сөз мағынасы ересек адам сөзінің мағынасына сәйкес келмесе де, бала тілінде сөз мағынасы қалыптасу барысы басталып кетеді де, ол тоқтамайды. Өйткені баланың когнитивті дамуының ерекшелігі және заттың атауын ойлап қорытуда шектеуліктер мен қателіктер бар болатындығына байланысты. Бұл қателіктер өз кезегінде сөз мағынасын жалпылау арқылы беруге әкеледі.

Бала заттың белгілі бір сипатына көңіл бөледі, ол баланың ойында үстем болып тұрады, бала оны пайымдайды, жалпылама түрде түсінеді. Бала бұл кезеңде сөз мағынасын әлі меңгермейді, себебі бала түсінігі бұл кезеңде тұрақты емес. Сондықтан сөз мағынасы жылжымалы болады, сөйтіп лексикалық мағынаның құрылымы семантикалық мәні тұрғысынан екі аспектісінің, яғни сөздің денотативті-сигнификативті мағыналарының шығуына әсер етеді. Демек, сөздің лексикалық мағыналарының сигнификативті және денотативті мағыналары Е.С. Кубрякованың қолданған “прямая” және “сдвинутая” референцияларының кезеңінен кейін пайда болады [11,7-9 бб.].

Жылжымалы сөз мағынасының туындауын Т.Т.Аяпова баланың танымында зат пен оның аты арасындағы байланыстылық бірден тұрақты болмайтындығында деп тұжырымдайды [12]. А.Уфимцева сөзді әрі заттың атауы, әрі зат туралы ұғым деп, сөздің заттық мағынасын – денотат, ал сөздің түсінік қатынасын – сигнификат [13,150 б.] деп сипаттайды. Бұл құбылыс бірден қалыптаспайды. Өйткені сөз мағынасын меңгеру үнемі өзгеріп отыратын күрделі құбылыс, бірнеше сатыдан тұратын ұзақ және баяу процесс.

Ғалымдардың экспериментальды зерттеулерінен сөздің заттық мағынасы қоғамдық қалыптасатын тарихи, даму сатыларынан, яғни күрделі процестен өтетінін көреміз. Сөздің заттық мағынасы белгілі бір жағдаяттарда жеткілікті тұрақты болмайды, сондықтан да ол жылжымалы болып табылады. Бір тәжірибенің нәтижесі бойынша, баладан алдындағы заттардың ішінен торғайды әперуін сұрағанда, бала еш бұлтақсыз құс мұрнына ұқсас шығыңқы үшкірі бар кішкене фарфорлы шарды алып берген. Бұл эксперимент баланың дамуының бұл кезеңінде сөзі әлі де болса, тұрақты заттық мағынаға ие емес екендігін көрсетеді. Бала заттың бір қасиетін есіне жақсы сақтап қалып, заттың өзіне емес, оның қасиетіне, формасына, сапасы мән беретіндігі дәлелдейді. Яғни баланың ми қыртысында сараптамалық процесс жүріп жатыр. Өзіне таныс заттың белгілі бір сипатын өзгешелеп алып, оның атауына дәл сол сипаты бар басқа бір затқа қолданады.

Шетелдік және отандық ғылымда баланың сөз мағынасын меңгеруін семантикалық мағына деп атап, бала алғаш заттың бір сипатына, қасиетіне, түріне назар аударатынын айтады және психологиялық тұрғыдан зейін ретінде қарастырады. Затты сөзбен атау, бала үшін затты я, жеке сипаттарын белгілеу, әр заттың артында заттың бүтін бейнесі тұрады.

Заттарды жеке-жеке тұрақты, бүтін деп түсіну, оны тану болып табылады. Ал баланың сөз мағынасын бүтін немесе семантикалық сипаттардың жиынтығы ретінде алуы жағдаятқа байланысты деп есептейміз. Бала жақсы сөйлегенде бала тіліндегі сөздер мағынасы жалпы түсініктен жалқыға, түсініксіздіктен түсініктіге, тар шеңберден кең шеңберлі мағынаға ауысатынына байланысты болады деп тұжырымдауға болады.

Баланың сөзді өз референтіне сәйкес немесе бұрыс, кең не тар ауқымда сөйлеу әркеті онтогенезінде сөзді тікелей номинативті қызметі негізінде қолдануы сөз мағынасын игеруі болып табылады.

Ғалымдар тұжырымдары бойынша, баланың сөз мағынасын меңгеруі – жеке адамның қоғамдық-тарихи және әлеуметтік қатынасты меңгеруі және тілдік белгінің, яғни сөздің функциясын меңгеруі болып табылады. Тілдік белгілер сөйлеу әрекеті онтогенезінде іс-әрекет құралы ретінде қарым-қатынас үшін қолданылады. Тілдік белгі адам санасы мен объективтік орта арасындағы байланыстырушы тізбек ретінде қызмет етеді. Бала қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түсе отырып, заттар мен құбылыстар туралы мәлімет алады және де олардың арасындағы байланыс пен қатынастарды меңгереді. Бұлардың барлығы бала санасының дамуына бекітіп, тыңдаушыға қарым-қатынасқа түсуіне оның есеюіне әсер етеді.

Сонымен, тіл білімінде сөз мағынасы мәселесі аясындағы пікір пайымдауларға жасалған шолудың, сипаттаманың негізінде бірқатар мәселелердің теориялық тұрғыдан негізделетіндігі анықталды. Демек, “сөз мағынасының онтогенезі” ғылыми атауының, сөз мағынасы онтогенезі

теориясының қалыптасуы, оның мағыналық талдау тәрізді мәселелерге байланысты ғалымдардың теориялық тұжырымдары өзектесіп, ұштасып келсе, мағына онтогенезіне қатысты ұстанымдардың әлі де болса нақтылана қоймағандығы байқалды.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Шафф А. Введение в семантику. –М.,1963. –200.
2. Выготский В. С. Мышление и речь // Соч.: В 6 т. – М.: Педагогика, 1982. Т.2.-260 с.
3. Аханов Қ. Тіл білімінің негіздері. –Алматы: Санат, 2003 .495 б.
4. Хасенов Ә. Тіл білімі. –Алматы: Санат, 2003. –414 б.
5. Лурия А. Р. Развитие значение слов в онтогенезе./ Язык и сознание. –М., 1979. -185с.
6. Лурия А. Р. Язык и мозг.// Вопросы психологии. <sup>1</sup>1. –С. 49-60.
7. Кубрякова Е. С. Номинативный аспект речевой деятельности. –М.: Наука, 1986. – 250 с.
8. Гречко В. А. Теория языкознания. –М.: Высшая школа, 2003. –375с.
9. Қазақ тілі энциклопедиясы. –Алматы: Қазақстан даму институты, 2000. -500 бет.
10. Выготский Л.С. Избранные психологические исследования. – Москва, 1956.- 400 с.
11. Кубрякова Е. С. Специфика актов референции в детской речи.// Детская речь: проблемы и наблюдения: сб. науч. тр. Государственного педагогического института им. А.И.Герцена. - Ленинград, 1989. –С. 4-12
12. Аяпова Т. Т. Сөйлеу әрекеті онтогенезі: синтаксистік семантика. док. дис. –Алматы, 2003. - 305 бет.
13. Уфимцева А. А. Лексическое значение. Принципы семиологического описания лексики. – М.: Наука, 1986. –204 с.

**МРНТИ: 16.01.45**

*Т.К. Зайсанбаев<sup>1</sup>, Г.А. Карипбаева<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>С.Д.Асфендияров атындағы Ұлттық Медициналық Университеті Акционерлік қоғамы, тілдік пәндер кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты Алматы, Қазақстан.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,*

*<sup>2</sup>халықаралық қатынастар факультеті, дипломатиялық аударма кафедрасының аға оқушысы,  
Алматы, Қазақстан.*

## **ЛАТЫН ӘЛІПБИЕНЕ КӨШУДЕ КЕЗДЕСЕТІН ҚИЫНДЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ**

*Аңдатпа*

Мақалада Қазақстан Республикасының болашақта көшетін латын әліпбиі жобасында қандай кемшіліктер бар екендігі туралы айтылады. Ол кемшіліктерді ашып көрсету үшін мақала авторлары қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің зерттелуі мен емле ережелерінің қалыптасу тарихына қысқаша шолу жасайды. ХХ ғасырдың 20-30 жылдары басталған емле ережелері мен қазақ тілінің дыбыстық жүйесі туралы даудың әлі күнге дейін толастамай келе жатуының себебі қазақ тілінің дыбыстық жүйесі туралы тілші ғалымдар арасында біржақты пікір жоқтығынан екенін көрсете келіп, авторлар ол кемшілікті жоюдың ең бірінші шарты – қазақ әліпбиінен қазақ тіліне тән емес дыбыстарды белгілейтін әріптерді шығарып тастау керек деген тұжырым жасайды. Екінші мәселе қазақтың өзінің төл сөздерінің жазылуын бірізділікке түсіру керек дей отырып, авторлар әсіресе латын негізді әліпбиі жобасындағы **и**, **у** әріптерімен жазылатын сөздерді қайта қарау керек екендігіне тоқталады. Сондай-ақ мақалада кірме сөздердің жазылуын бірізділікке түсірудің жолдарын табу қажеттілігі де сөз болады.

**Кілт сөздер:** дыбыстық жүйе, емле ережелері, төл сөздердің жазылуы, латын әліпбиі, кірме сөздердің жазылуы, латын негізді әліпби жобасы.

*Зайсанбаев Т.К.<sup>1</sup>, Карипбаева Г.А.<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Кандидат филологических наук, доцент кафедры языковых дисциплин  
АО Национальный медицинский университет им.С.Д.Асфендиярова  
Алматы, тел: 8 702 352 8063 email t\_1962@mail.ru*

*<sup>2</sup>Старший преподаватель кафедры дипломатического перевода факультета международных отношений  
Казахского Национального Университета им. Аль Фараби  
Алматы, Казахстан*

## ТРУДНОСТИ ВСТРЕЧАЮЩИЕСЯ ПРИ ПЕРЕХОДЕ НА ЛАТИНИЦУ И ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ

### *Аннотация*

В статье говорится о недоработках проекта латиницы, к которому переходит Республика Казахстан. Чтобы подчеркнуть это, авторы статьи кратко рассматривают историю изучения казахской звуковой системы и формирования правил правописания. Авторы также указывают на причины разногласий по правилам орфографии и звуковой системы казахского языка, начавшиеся в 20-30-е годы XX века. По мнению авторов причиной споров является отсутствие единого взгляда между учёными-лингвистами. Авторы считают, что для устранения недостатков необходимо вывести из казахского алфавита буквы, обозначающие звуки нехарактерные или несвойственные казахскому языку. Вторая проблема заключается в том, что необходимо упорядочить правописание родных слов казахского языка. Авторы подчеркивают, что слова, которые пишутся с буквами **и**, **у** должны быть пересмотрены, особенно в проекте латинского алфавита. В статье также рассматривается необходимость упорядочения заимствованных слов.

**Ключевые слова:** звуковая система, правила правописания, орфография казахских слов, латинский алфавит, правописание заимствованных слов, проект латинского алфавита.

*Zaisanbaayev T.K.<sup>1</sup>, Karipbayeva G.A.<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Associate professor, Docent of Chair of "Kazakh language and professional Kazakh language" of  
Asfendiyarov Kazakh National Medical University*

*<sup>2</sup>Senior teacher of Chair of "Diplomatic Translation" of Department of "Internat*

## TRANSITION ISSUES INTO THE LATIN ALPHABET AND THE WAYS OF SOLVING THEM

### *Abstract*

This article tells about the Latin transition project flaws... To emphasize it the authors shortly consider the history of researching kazakh sound system and the formation of spelling rules. As well the reasons of disagreements on the spelling rules and the sound system of the Kazakh language begun in 20-30-th of the XX-th century are pointed out. According to the authors the reason of arguing is in the absence of the single view to the idea between the scientists. The authors are sure to eliminate the flaws it's necessary to deduce from the Alphabet letters denoting the sounds unusual for the Kazakh language. The next issue is that it's necessary to streamline the spelling of the kazakh native words. The authors underline that the words which are spelled with letters **и**, **у** should be reconsidered, especially in the project of the Latin Alphabet. As well it is written about the necessity of streamlining the borrowed words.

**Key words:** sound system, spelling rules, spelling of kazakh words, Latin Alphabet, spelling of the borrowed words, project of the Latin Alphabet.

Қазақстан Республикасы президентінің қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру туралы бастамасынан кейін тілші ғалымдар тарапынан да, басқа сала мамандарынан да жүздеген әліпби жобалары ұсынылды. Солардың ішінен таңдап алынған жобалардың өзі үш рет өзгеріске түсті. Тіпті соңғы рет ұсынылған әліпби жобасы мен емле ережесі туралы талас-тартыс толастар емес. Соншалықты дау-дамай тудыратындай қазақ тілі икемге көнбейтін, жазуға бағынбайтын тіл ме деген ой да туйындайды.

Әліпбидегі әріптер тілдегі дыбыстарды белгілейді, яғни әліпбидегі әріптер тілдегі дыбыстардан артық та, кем де болмауы тиіс. А.Байтұрсынұлының сөзімен айтқанда: «Жақсы әліпби тілге шақ болуы керек. Өлшенбей тігілген о жер бұр жері бойға жуыспай, қолбырап, солбырап тұрған кең киім сияқты артық әріптері көп әліпби де қолайсыз; Бойынды қысып, тәнінді құрыстырып, тырыстырып тұрған тар киім сияқты әрпі кем әліпби де қолайсыз болады» (Қазақ білімпаз ..., 2005 ж., 74). Яғни. қазақ әліпбиіндегі әріп саны қанша болуы керек екенін нақтылау үшін, ең алдымен қазақ тілінде қанша дауысты, қанша дауыссыз дыбыс бар екенін анықтап алуымыз керек.

**Материалдар мен әдістер:** Кирилл әліпбиіндегі қазақ тілінің орфографиялық ережелерінде кемшіліктер өте көп. Оның себебі жазу мәселесіне саясаттың араласуы болды. Қазақ жазуын қалыптасуының бастауында болған ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының қазақ тілінің дыбыстық жүйесі және емле ережелерін қалыптастыру туралы пікірлері негізінен дұрыс бағытта болатын. Орыстандыруды мақсат еткен Кеңес Өкіметі үшін олардың пікірлері, көзқарастары дұрыс емес еді, сондықтан алаш зиялыларының қазақ жазуы туралы айтқандары басшылыққа алынбады. Мақалада олардың пікірлерінің дұрыс жақтарын қазіргі орфографиялық ережеге енгізу үшін, латыннегізді әліпби жобасындағы емле ережелерімен өткен ғасырдың 20-30 жылдарындағы емле ережелері салыстырылды. Мақалада ғылыми еңбектерге шолу жасау және салыстыру әдістері қолданылды.

**Әдебиеттерге шолу:** Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін зерттеуде бірден-бір дұрыс жолда болған А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің өзіне тән ерекшеліктерін көкірек көзімен түйсініп, дұрыс тұжырымдар жасады. Ол қазақ тіліндегі **а, о, ұ, ы** және **е** дыбыстарын ғана арнайы таңбалайды. Ал **ә, ө, ү, і** дыбыстарын таңбалау үшін арнайы белгі – дэйекшіні ұсынады (Байтұрсынұлы, 2005 ж., 270-271]. А.Байтұрсынұлы да, сондай-ақ өткен ғасырдың 20-30-жылдары қазақ тілі дыбыстары туралы зерттеу еңбектер жазған Е.Омаров та, Қ.Кемеңгерұлы да қазіргі қазақ тілінде үнді дауыссыз дыбыстарға жатқызылып жүрген дыбыстарды жартылай дауысты дыбыс деп таныған. А.Байтұрсынұлының 1914 жылғы шыққан «Тіл -құралы» мен 1925 жылғы «Тіл - құралын» салыстырып қарағанда оның жартылай дауысты дыбыстарға деген көзқарасын аздап өзгергенін профессор О.Жұбайдың зерттеуінен көруге болады. Профессор О.Жұбай А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров және Қ.Кемеңгерұлының қазақ тілінің дыбыстық құрамы туралы көзқарастарын мынандай кестемен көрсетеді:

А.Байтұрсынұлы Тіл – құрал 1915	А.Байтұрсынұлы Тіл – құрал 1925	Е.Омаров Қазақ тілінің дыбыстары	Қ.Кемеңгерұлы Грамматика Казахского языка
Дауысты: а, о, ұ, ы, е	Дауысты: а, о, ұ, ы, е	Дауысты: а, о, ұ, ы, е	Дауысты: а, о, ұ, ы, е
Жарты дауысты: у, и	Жарты дауысты: у, и, р, л	Жарты дауысты: ымыралы: у, и, р, л ымырасыз: м, н, ң	Жарты дауысты: у, и, р, л

(Жұбай, 200 ж., 6].

Өткен ғасырдың басында қазақ тілінің зерттелуіне зор үлес қосқан ғалымдардың бірі Қ.Жұбанов қазақ тіліндегі дауысты дыбыстарды жуан: а, о, ы, ұу, ый; жіңішке: ә, ө, у, і, үу, ій деп жіктейді де, дыбысталу түріне қарай:

1. Толық дауыстылар: а/ә, е, о, ө
2. Келте дауыстылар: ы/і мен ұ/ү
3. Қосынды дауыстылар: ұу/үу мен ый/ій деп бөледі (Жұбанов, 1966 ж., 170-171).



Осы зерттеулерге қарап отырсақ А.Байтұрсынұлы да, Е.Омарұлы да, Қ.Жұбанов та дауысты дыбыстарды, негізінен, дұрыс анықтаған. Тек қазіргі қазақ тілінде үнді дауыссыз дыбыстарға жатқызылып жүрген **у, й** дыбыстарын жартылай дауысты дыбыстар деп қателескен.

Мектептер мен жоғары оқу орындарында қазақ тілі фонетикасын оқытуда әлі күнге дейін академик І.Кеңесбаевтың ғылыми еңбектері басшылыққа алынып келеді. Ол қазақ тілінде тоғыз жалаң дауысты (монофтонг) (*а, е, ы, і, ә, о, ү, ұ*), екі қосынды дауысты (дифтонгоид) бар (*и, у*) деп есептейді (Кеңесбаев, Мұсабаев, 1962 ж., т 223).

І.Кеңесбаев қазақ тіліндегі дыбыстарға артикуляциялық сипаттама бергенде орыс тілінің фонетикалық зерттелуін басшылыққа алған. Соның нәтижесінде қазақ тілі фонетикасын зерттеуде орыс тіліндегі фонетикалық заңдылықтарды, құбылыстарды қазақ тілінің бойынан да іздестіру басталды. Нәтижесінде, көп жағдайда, фонетикалық құбылыстарды орыс тіліндегідей етіп түсіндіру дәстүрге айналды. І.Кеңесбаев орыс тіліндегі **и** мен **у** дауыстыларын қосып қазақ тіліндегі дауыстылар санын 11 дауыстыға жеткізді. Кейінірек І.Кеңесбаев, А.Ысхахов, К.Аханов «Қазақ тілі грамматикасы» деген еңбектерінде орыс тіліндегі **э** дыбысын қосып, қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар санын он екіге ұлғайтты (Кеңесбаев, Ысқақов, 1966 ж., 12). Ал профессор Мырзабектен Сапархан қазақ тілінің байырғы төл сөздерінің құрамында 9 дауысты дыбыс бар, ал **у** мен **и** орыс тілінен енген сөздердің құрамында ғана дауысты болады деп есептейді (Мырзабектен С, 1996 ж., 12-20).

Профессор Ә. Жүнісбек қазақ тілі фонетикасының орыс тілінің үлгісімен зерттелгенін, көптеген тұжырымдардың орыс тілінің үлгісімен жасалғанын сөз етеді. Сөйтіп, фонетика туралы зерттеудің мұндай бағытын «еуропацентристік» немесе «еуропа-өзімшіл» бағыт деп атайды. Үндіеуропа тілдері үшін *фонема*, тай-қытай тілдері үшін *тонема*, түркі тілдері үшін *сингема* терминін қолданған дұрыс болады дейді. Осыған байланысты түркі тілдері үшін аллофон термині де келмейді деп Ә. Жүнісбек түркі тілдері үшін аллосингема терминін қолданады. Ә. Жүнісбектің талдауы бойынша қазақ тілінде үш тірек дауысты бар. Олар: жалаң дауысты **а** (екі аллосингемадан тұрады **а, ә**), жалаң дауысты **ы** (төрт аллосингемадан тұрады **ы, і, ұ, ү**), құранды (дифтонг) дауысты **о** (үш аллосингемадан тұрады **о, ө, е**) (Жүнісбек, 2009 ж., 47-48). Ә.Жүнісбек қазақ тілінің дыбыстық құрамын зерттеген көптеген зерттеушілердің **э** дыбысы араб тілінен енген деген тұжырымдарын жоққа шығарады. Басқа тілден ешқашан дыбыс еңбейтінін ескерсек, өзге тілдерден сөз алмайтын тіл болмайды, бірақ ол сөздерді өзінің тілдік заңдылығына бағындырып алады деген қорытынды жасауға болады. Тілге тән емес дыбыстар жазудың әсерінен, жасанды түрде енуі мүмкін. Шындығында қазақ тіліне ешбір тілден дыбыс енген жоқ. Оны А.Байтұрсынұлының: «Қазақта жазу-сызу болмаған соң, жалғыз-ақ табиғаттың заңына ерген. Өзгелер табиғатты зорлап, емлеге таңып, тілін аздырған» (Байтұрсынұлы, 2006 ж., 248),– деген сөзімен түсіндіруге болады.

Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар туралы зерттеулерге қысқаша шолу барысында қазақ тілінде 9 дауысты дыбыс (4 жуан, 5 жіңішке) бар деген тұжырымды қолдаймыз. Ал орыс тілінен енген сөздерде дауысты деп қазақ тілінің дыбыстық құрамына енгізіліп жүрген **у, и, э** дыбыстарын қазақ тілді адам тура орыс тіліндегідей етіп дыбыстай алмайды. Арнайы дайындықпен ғана айтуға болатын дыбыстарды тілімізге сіңісіп кеткен дыбыстар қатарына жатқызудың ешбір жөні жоқ. Жат дыбыстарды тура сол тілдегідей етіп айтуға айтуға қазақ тілінің артикуляциясы мүмкіндік бермейді және ешбір елде басқа тілден енген сөздерді дыбыстау үшін деп әліпбиіне тілдің табиғатында жоқ дыбыстарды қоспайды. Енді төменде қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар туралы пікірлерге қысқаша тоқталайық.

Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар санын анықтауда да әлі күнге дейін бірізділік жоқ. Мектеп оқулықтарынан бастап жоғары оқу орындарында оқытылатын оқулықтар мен оқу құралдарында **у** мен **и** дыбыстарын «дауыстыдан кейін келсе, дауыссыз, ал дауыссыз дыбыстан кейін келсе дауысты» болады деп ақылға сыймайтын ережемен оқытып келеді. Мектеп оқулықтарында *су, бу, қиын, киім* сияқты сөздерде **у** мен **и** дауысты болады, ал *тау, ай* сияқты сөздерде дауыссыз болады деп оқушылардың басын қатырады. *Су, бу, қиын, киім* сияқты сөздердің дыбысталуы *сұу, бұу, қыйын, кийім екенін* білмейтін тіл мамандары да жетіп артылады. Ал *хат, хабар* сияқты сөздердегі **х** дыбысын, сондай-ақ *шаһар, қаһар, айдаһар* сияқты он шақты сөздерде қолданылатын **һ** дыбысын қатаң дауыссыздар қатарына қосып қана қоймай, бұлар тілімізді байытты, солардың арқасында оминим, омогрфтардан құтылды деп те мақтанатын

болдық. Солардың бірі Н.Әміржанова 1938 жылы әліпбиімізге **х** дыбысының енгізілуі арқасында *қор* (бір нәрсенің жиынтығы), *хор* (музыка) *қабар* (қабағын қабарту), *хабар* (мәлімет) сияқты сөздер бұрын бір тұрпатта **qor, qabar** болып жазылса, енді әр тұрпатта жазылатын болды, соның нәтижесінде олардың лексикалық мағыналары айқындалып тұратын болды дейді (Әміржанова, 2012 ж., 115).

Қазақ тілінде омоним сөздер аз емес. Олардың лексикалық мағынасы сөз тіркесінің, сөйлемнің құрамында анықталатынын айтып жатудың өзі артық. Омоним сөздерден қашамыз деп тілімізге жөн-жосықсыз әріптерді тықпалай беру сауат ашуды қиындатудан басқа ешқандай пайда бермейді. Бірақ кірме дыбыстардың барлығы бірдей тіліміздің табиғатына келмейді деуге болмайды. «Кейбір кірме дыбыстарды оп-оңай пайдаланып кете береміз. Оның себебі қазақ дыбыстарының құрылымында (структурасында) ол дыбыстар үшін бос орын болғандықтан. Сондықтан *хат* десек те, *қат* десек те сөз мағынасына нұқсан келмейді, сөз түсінікті қалпында қала береді. Бірақ алғашқы сөздің естілімінде қазақ тіліне жат норма белгісі байқалып тұрады» (Жүнісбек, 2009 ж., 81). Осы **х, һ** дыбыстарын әліпбиге кіргізу қажет пе деген мәселе өткен ғасырда қазақ жазуын латын әліпбиіне көшереміз деген кезде де сөз болған. 1924 жылы Орынборда өткен «Қазақ білімпаздарының тұңғыш сійезінде» жазу ережелері туралы баяндама жасаған Е.Омарұлы **х, һ** дыбыстарын әліпбиге кіргізуге қарсы болды. Бірен-саран жат сөздерде ғана кездесетін бұл дыбыстарды бұқара халық мүлде айтпайды, бұл дыбыстарды әліпбиге кіргізіп, бұқара халық жат дыбыстарды бұлжытпай айта алатын болып кетсе, халықтың тілі бұзылады деп өте дұрыс айтқан. Ол өз ойын: ««Ахау», «халалай», «аһ», «үуһ» сықылды бір-екі сөздер болғаны үшін әліпбиге «х» мен «һ» ні кіргізу дыбыс жүйесі жағынан керек болғанымен, жеңілдік жағынан үлкен шатақ болады. Қазақта «ә», «мә» деген одағайлар да бар, «іңһі»– дейтін де одағай бар, аттың жүрісін бәсеңдету үшін айтылатын ықылық бар десек, әріптің саны 24 емес 240 болып кетуі мүмкін» (Қазақ білімпаздарының, 2005 ж., 23- 24),– деп қорытындылайды.

**Х, һ** дыбыстары араб, парсы тілінен енген сөздерде айтылады деп әліпбиге енгізсек, **в, ф, ц, ч** дыбыстары орыс тілінен және орыс тілі арқылы енген сөздерде жазылады деп ереже шығарып алдық. Онымен қоймай бұл дыбыстар қазақ тілін дамытты деген теріс пікір қалыптасып қалған. Мысалы, Р.Барлыбаева: «Әдеби тіліміздің лексикасының советтік дәуірде мықтап дамуы оның дыбыстық жүйесінің дамуына да әсер етпей қойған жақ. Ол неден көрінеді десек, біріншіден, тіліміздің құрамындағы жаңа дыбыстардың (*ц, ч, х ц, э, ф*) пайда болуынан, екіншіден, жаңа буындардың дыбыстық құрамының күрделенуінен (*прокурор, пленум, калька, класс* т.т.), дауыссыз дыбыстарымыздың жаңа үндесуіндегі (заводқа, штабка, класта, Омскіге т.т.) жаңалықтардан, үшіншіден, жаңа орфографиялық, орфоэпиялық нормалар мен ережелердің пайда болуынан көреміз» (Барлыбаева, 1978 ж., 126),– деп жат дыбыстардың тілімізге тигізіп жатқан кері әсерін орыс тілінің игі әсеріне жатқызады.

Бір-біріне құрылымдық жақтан ұқсастығы жоқ тілдерге ортақ жазу шығарамыз деуден туған мәселелерді шешу үшін «Қазақ орфографиясындағы қиындықтар» (Уәлиев, Алдашева, 1988) деген арнайы зерттеу еңбек жазуға да тура келді. Әрине бұл еңбек те қазақ орфографиясындағы қиындықты шеше алған жоқ және шеше де алмас еді, себебі қазақ жазуына түбегейлі өзгеріс керек. Ол үшін қазақ тіліндегі дыбыстарды түгендеп алуымыз қажет. Сондықтан қазақ тілінде 11 (12) дауысты, 25 (26) дауыссыз дыбыс бар деген сияқты қате түсініктерден арылуға тиіспіз.

Сонымен, қазіргі қазақ тілінде неше дауыссыз дыбыс бар деген сұраққа жауап беру үшін тағы да профессор Ә.Жүнісбекке жүгінуге тура келеді. Ол қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар қазақ тіліндегі 9 дауысты дыбыспен тіркес құрай алуын басшылыққа алады. Осы тұрғыдан келгенде **қ, ғ** дыбыстары тек жуан дауыстылармен, **к, г** дыбыстары тек жіңішке дауыстылармен тіркесетінін ескеріп, **қ-к** дыбыстарын бір ғана қатаң дауыссызға және **ғ-г** дыбыстарын бір ғана ұяң дауыссызға жатқызады. Сөйтіп ол қазақ тілінде 17 (**б, ғ-г, д, ж, й, қ-к, л, м, н, ң, п, р, с, т, ұ, у (w), ш**) дауыссыз дыбыс бар деп санайды (Жүнісбек, 2009 ж.). Осылайша ол А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбановтар көрсетіп кеткен 19 дауыссызды қазақ тілінің төл дауыссыздары деп негізге алады.

Қазір тіл мамандары Кеңес Өкіметінің өктем саясатының кесірінен қазақ тілінің табиғатынан алшақтап кеткен қазақ жазуын латын әліпбиіне көшу арқылы жөндеуге болады деп есептейді. Бірақ А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының мамандары ұсынып отырған латын негізді әліпби емлесінің жобасымен танысу барысында жазудағы қиындықтар бұрынғыша қалып отырғанын байқаймыз. Төменде осы емле жобасындағы кемшіліктерге жеке-жеке тоқталайық.

Біріншіден, бұл жобада қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне кірмеген Vv (Вв), Ff (Фф), Chch (Чч), Hh (Хх) дыбыстары жүр. Қазақ тіліне тән емес дыбыстарды (әріптерді) әліпбиге кіргізу, жоғарыда айтқанамыздай, қазақ тіліне тән емес дыбыс тіркесімдерінің пайда болуына алып келеді, яғни кирилл әліпбиімен жазған кездегі қиыншылықтар қайта басталады. Бұл жерде латын негізді әліпбиі жобасының емле-ережелерін жасаушыларды түсінуге де болады. Орыс тілінен және орыс тілі арқылы енген сөздерді 80 жылға жуық орыс тіліндегідей етіп жазуға көздері үйреніп қалған адамдарға шет тілдерден енген сөздерді қазаққылап жазу артта қалғандық сияқты болып көрінетін болды. 1924-жылы Орынбор қаласында өткен съезде Е.Омарұлы: «Жат сөз қазақ тіліне сіңіп түбкілікті қазақ сөзі болып шығуы үшін,- мағанасы түсінікті болмаса да, айтуға жеңіл, құлаққа ерсі болмауы керек. Бұл шартқа келмеген сөз қазақ сөзі бола алмайды, тек кітеб сөзі болып қана қалады. Олай болып кетсе кітеб тілі ел тілінен басқаланып шығады,- кітебтің елге пайдасы болмайды» (Қазақ білімпаз, 2005 ж., 97), – деп, басқа тілден енген сөздерді өзгертпей қабылдаудың тілге қандай зиян беретінін ашып көрсеткен. Кезінде Е.Омарұлы қазақ тілінің заңдылығына бағынбаған сөздер құлаққа ерсі естіледі десе, бұл күндері керісінше орыс тілінің заңдылығымен жазылып тұрған сөздерді қазақыландырып дыбыстау құлаққа ерсі болып естілетін дәрежеге жетті. Әсіресе орыс тіліндегі кісі аттарын, әлемдік географиялық атауларды орыс тілінің жазылу үлгісімен қабылдап үйреніп қалған адамдарға орыс тіліндегі *Александр, Мария, Егор, Федор* сияқты кісі есімдері, *Германия, Англия* сияқты мемлекеттердің атаулары қазақ тілінің дыбысталу заңдылығы бойынша *Ескендір, Мәриә* (немесе *Мәриәм*), *Жәгөр, Шодыр, Алмания, Ангылыя* болады деп түсіндіру мүмкін емес. Қазіргі қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде орыс тілінің жазылу үлгісімен жазылып жүрген терминдер жүз мыңнан асып кетті. Ғылым-білімі дамыған еуропа елдерінен орыс тілі арқылы күн сайын қаншама сөз еніп жатқанын ескерсек, оларға тосқауыл қою мүмкін емес екендігін айтып жатудың өзі артық. Мектеп қабырғасында күнде кездесетін *химия, физика, математика* сияқты сөздерді қазақыландырып *қыймыя* (немесе қимиа), *пизике, мәтемәтике* деп айтуды жабайылық, надандық деп санайтын болдық. Қазақтың өз тілі өзіне өгей болып кетті.

Енді жобадағы I (и), ú (у) әріптерінің емлесі туралы мына параграфтарға назар аударайық.

6-параграфта: «I (й), ú (у) әріптері төл сөздерде дара дауыссыз дыбыс ретінде таңбаланады: аI, úI, oishyl, аú, sáúkele, demeúshi, qaúun» (Қазақ емлесінің, 2018 ж., 8), – деген ережеге сүйенсек, *ти* (*ми* – айтылуы *мый*), *ки* (*ки* айтылуы – *кий*), *қи* (*қи* – айтылуы *қый*) сияқты қазақтың төл сөздері екі дауыссыз дыбыстан жасалып тұрған болып шығады. Сегізінші параграфта бұл ереженің тігісін жатқызу үшін: «Айтылудағы уI (ый), úI (ій) дыбыс тіркестері сөздердің барлық буынында 1 әрпімен жазылады: ıgılik, inelik, inabat, iman; kım, tın, tıyn, mıras, sıa, sıaqtı; bı, álpıbı, tarlıhı», – деп толықтыру берген де: «Қосарлы уI (ый) әріптері тек суI (сый), туI (тый) сөздерінде (оларға қосымша жалғанғанда да) жазылады: суıлуq, суıумduлуq, суıú; туıум, туıуú, туıú» (Қазақ емлесінің, 2018 ж., 8), – деп ескерту қосып қойған. Айтылуы *сый* мен *тый* сөзінен айырмашылығы жоқ *ми*, *қи* сөздерінде **ы** дыбысы неге жазылмайды, бұл қандай ғылыми негізге сүйеніп жасалған ереже деген сұраққа жауап жоқ.

Жобаның 7-параграфындағы: «I (и), ú (у) әріптері шеттілдік сөздерде дара дауысты дыбыс ретінде таңбаланады: instıtút, kıno, granıt; únıversıtet, fútbol, resúg» (Қазақ емлесінің, 2018, 8), – деген түзету енгізілген. Бұған қоғамның шеттілдерден енген сөздер туралы қалыптасып қалған көзқарасына тым қарсы шыға беруге болмайтынын ескеріп, амалсыздан жасалған ереже деп түсіністікпен қараймыз. Ал құрамында **й**, **у** әріптері жазылатын бір буынды төл сөздеріміздің емлесін қайта керек деп есептейміз.

Қазақ тілінің бұрынғы орфографиялық сөздіктерінде де латын әліпбиі жобасында да біріккен сөздердің жазылулары бірізділікке түспеген. Енді осы мәселеге тоқталайық.

Жобаның 29, 41, 42 параграфтарында біріккен сөздердің жазылуы туралы айтылған. Жоба ережелерінде бұрынғы орфографиялық ережелердегідей біріккен сөздердің жігінде болатын дыбыстық өзгерістер ескерілмеген. Бұлар – орыс тілінің жазылу үлгісімен жасалған ережелер. Орыс тілі қопарылмалы (флективті) тіл болғандықтан, ол тілдің орфографиялық ережелері үшін морфологиялық қағидат (прицип) басты орында болуы маңызды. Ал жалғамалы тілде ең бірінші орында фонетикалық ұстаным тұруы тиіс. Яғни жобада келтірілген мысалдағы *mektıpaldy top* емес – *mektıbaldu top*; *kereńqulaq* (өс.) емес – *kereńgulaq*; *aqlaq* (тамақ) емес – *ađlaq*; *aqbıkes* (тамақ) емес – *aqrıkes* т.б. Бұл жерде қазақ тіліндегі көрші дыбыстардың бір-біріне ықпал ету

заңдылықтарын ескеру керек. Қазақ тілінде дыбыстар бір-біріне дауыс қатысына және жасалу орнына қарай (артикуляция) әсер етеді. Соған байланысты қазақ тіліндегі дыбыстардың бір-біріне ықпал етіп, оны өздеріне ұқсатуының үш түрі бар (ілгерінді (прогрессивті), кейінді (регрессивті), тоғыспалы (прогрессивті-регрессивті) ықпал). Жоғарыдағы мысалдарда ілгерінді және кейінді ықпал заңдылықтары ескерілмеген.

Морфологиялық қағидатқа негізделген бүгінгі жазуымыздың кесірінен қазір әсіресе жас буынның тілі әбден бұзылды. Кітаптағыдай тақылдап сөйлейтін оларды кейде қазақтілді адамдар түсінбей де қалады. Тіпті олар ғана емес, теле-радио дикторлары да, журналшылар да қазақ тілінің орфоэпиялық заңдылықтарын бұзып сөйлейді. Бұған теледидарда, радиода көп айтылатын *көкөніс* сөзін мысалға келтіруге болады. Бұл сөзді *көгөнүс* деп айтатын диктор жоқ десе де болады. Қазақтың төл сөздерінің өзінің жазылуы мен айтылуы арасында жер мен көктей айырмашылық бар. Мұндай үлкен айырмашылықтар жазу тарихы мыңдаған жылдарға кететін елдерде ғана болады. Кирилл әліпбиіне көшкен 80 жылға жуық уақыт аралығында қазақ тілінде табиғи түрде осынша үлкен дыбыстық өзгеріс болды деп айта алмаймыз. Тілдегі дыбыстық өзгерістер жүздеген жылдарға созылып, баяу жүзеге асады. Тілді тұтынушылар ол өзгерістердің қалай жүзеге асқанын байқамай да қалады.

Жазылу айтылуға барынша жақын болуы керек деген пікірді сонау 1928 айтқандардың бірі Ж.Аймауытов екенін көреміз. Ол «Емлені оңайлату жобасы» деген мақаласында: «Ереже не ғұрлым аз болса, со ғұрым жазу оңай болмақ», «Сөздің құлақпен естігендегі дыбысы мен көзбен көргендегі таңбасы не құрым жақын болса, со құрым қат жазу оңай болмақ» (Жүсіпбек, 2013 ж., 147),– деп жазыпты. Бірікен сөздердің жазылуы былай, айтылуы былай болады деп отыру сауаттылықты төмендетпесе жоғарылатпайды және жоғарыда айтқанымыздай сөйлеу тілінің бұзылуына алып келеді.

Осы жобаның 113 параграфында: «-кт, -ск, -нкт, -пт, -мп, -мб, -фт әріп тіркесіне бітетін сөздерге қосымша у, і дәнекері арқылы, ал -кт, -ск, -нкт сияқты құрамында к әрпі барларына тек жіңішке, басқаларына соңғы буын үндесіміне қарай не жуан, не жіңішке жалғанады: *fakt-i-ge, fakt-i-si; obiekt-i, obiekt-i-ge; aksept-i-ge, aksept-i-si; disk-i-ge, disk-i-si; rýnkt-i, rýnkt-i-ne; romb-y-nyñ; shrift-i-ge; lift-i- de*» (Қазақ емлесінің, 2018 ж., 21),– деп жазылған. Біздің ойымызша, бұл ережедегі **kt, sk, mb** дыбыс тіркесіміне аяқталған сөздерге қазақ тілінің заңдылығы бойынша **у, і** (ы. і) дыбыстары қосылып, яғни *fakti; obiekti; diski; rombu* болып жазылуы тиіс. Тіл білімінде эпитеза деп аталатын бұл құбылыс қазақ тіліне тән емес дыбыс тіркесіміне аяқталатын сөздерді жазуда басшылыққа алынуы керек еді.

Осы параграфтағы *aksept, shrift* сөздерінің жазылуына тоқталмас бұрын қазақ тіліндегі *дос, рас* сөздері туралы айта кетейік. Бұлар *дуст, раст* (Жеменей, 1994 ж., 286) деген парсы сөздері. Қазақ тілінде сөз екі қатаң дауыссызға аяқталмайтындықтан, бұл сөздердегі бір қатаң дауыссыз түсіп қалған. «Тіл-тілде кейбір сөздердің соңындағы дыбыстардың түсіп қалуы (қысқартылып ықшамдалу) құбылысы жиі кездеседі. Бұл құбылыс апокопа деп аталады. Апокопа құбылысына ұшырайтындар көбіне кірме сөздердің соңындағы элементтер» (Аханов, 1965 ж., 365). Яғни, *aksept, shrift* сөздері апокопа құбылысы бойынша *aksep, shrif* болып жазылғаны дұрыс. Ал осы параграфтағы *rýnkt* сөзі *rýnkit* болып, яғни эпентеза құбылысы ескеріліп жазылуы тиіс. 113 параграфта бір ғана ережемен жазылады деп мысалға келтірген сөздерде әр түрлі фонетикалық құбылыстар (эпитеза, апокопа, эпентеза) жүзеге асады. Үшеуін бір ережеге сыйғызу дұрыс емес. Бұл – кирилл әліпбиі кезіндегі ережені қайта көшіріп жаза салу. Бұдан тіл заңдылығы ескерілмеген ереже не үшін қажет деген сұрақ туындайды.

**Қорытынды:** Қазақ тілінің барлық мәселесі латын әліпбиіне ауысумен шешілмейді. Үш мәселе ең бірінші орында тұруы тиіс. Бірінші – қазақ тіліне тән емес дыбыстарды әліпби құрамынан шығару. Екінші – қазақтың төл сөздерінің жазылу емлесін бірізділікке түсіру. Үшінші – кірме сөздерді қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына бейімдеу жолдарын анықтау. Әрине, кірме сөздердің барлығын бірден қазақыландырып жіберу оңай емес екенін біз де түсінеміз. 80 жылға жуық санамызды улап тастаған орфографиялық ережелеріміздің зардаптарын бірден жою мүмкін емес. Дегенмен, олардан біртіндеп арылудың алғы шарттарын жасауымыз керек. Ол үшін қазақ тілінің өзіндік ерекшелігі туралы хабарлар баспасөз беттерінде жарияланып, теледидардан, радиодан жиі-жиі үгіт-насихат жұмыстары жүргізіліп, пікірталастар болып тұруы тиіс. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі туралы дұрыс көзқарастағы мамандар пікірлеріне басымдылық беріліп, олардың пікірлерін көпшілік қауымға түсіндірген жөн. Қазақ тілінің өзінің заңдылығы бар екенін,

сингармонизм қазақ тілі үшін ең маңызды құбылыс екенін көпшілік қауым түсінгенде ғана қазақ жазуы жөнделеді, қазақ тілі өзінің төл табиғатына оралады.

*Пайдаланылған әдебиеттер*

1. Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі. – Алматы: «Атамұра», 2005. – 144 б.
2. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 3 т. – Алматы: «Алаш», 2005– 352 б.
3. Жұбай О. «Қазақ тілінің фонетикасы бойынша Қ.Кемеңгерұлының танымы». «Ізденіс», №3, 2000 ж.
4. Жубанов Х. Исследования по казахскому языку Алма-Ата, «Наука» – 1966 г., –362 стр.
5. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ф. Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика). – Алматы «Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы», 1962 ж., – 316 б.
6. Кеңесбаев І., Ысқақов А. Аханов К. Қазақ тілі грамматикасы. – Алматы: «Мектеп», 1966. –188 б.
7. Мырзабектен С. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы: Мектеп, 1996. – 84 б.
8. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. – 312 б.
9. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 4 т. – Алматы: «Алаш», 2006. – 320 б.
10. Әміржанова Н. Қазақстандағы латын жазуының тарихи тағлымы. –Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты. – 2012 ж. – 300 б.
11. Барлыбаева Р. Қазіргі қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика. Алматы: «Мектеп», 1978. – 144 б.
12. Уәлиев Н., Алдашева А. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. – Алматы: «Ғылым», 1988. – 113 б.
13. Қазақ емлесінің негізгі ережелері. Алматы, 2018 ж. 22 б.
14. Жүсіпбек. «Емлені оңайлату жобасы» // «Жаңа мектеп». 1928. №4, 5. 34-38 бб. Кітапта: XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, «Қазығұрт», 2013 ж. – 640 б
15. Жеменей И. Парсыша-қазақша және қазақша-парсыша сөздік. – Алматы: Санат, – 1994 ж., – 368 б.
16. Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы: «Мектеп», 1965 ж., – 585 б.

**МРНТИ: 16.01.45**

*Matyrbaeva M.Z.<sup>1</sup>*

*Abay KazNPU,*

*<sup>1</sup>Senior teacher, master of linguistic studies*

## **LINGUISTIC CHARACTER OF THE CONCEPT OF METONYMY**

*Abstract*

For centuries, the study of metonymy and metaphor has been regarded purely a matter of style and rhetoric. In addition to that, research into metonymic relationship traditionally has been put only second to the phenomenon of metaphor. However, things have changed a little over the past decades. Especially after Lakoff/ Johnson had published their influential work on metaphor and conceptualization research into cognitive aspects of language gained more ground in linguistics. Deeper insight into the way we structure our perception of the world has led to the conclusion that both, metaphor and metonymy, must be regarded as cognitive phenomena.

**Key words:** metonymy, metaphor, metonymic relationship, conceptualization.

*М.З. Мамырбаева.<sup>1</sup>*

*Абай атындағы ҚазҰПУ,*

*<sup>1</sup> Аға оқытушы, лингвистика ғылымдарының магистрі*

## **МЕТОНИМИЯ ҰҒЫМЫНЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ**

*Аңдатпа*

Ғасырлар бойы метонимия мен метафораны зерттеу тек стиль және риторика мәселесі ретінде қарастырылды. Сонымен қатар, метафораның феноменінен кейін метонимикалық қатынастарды зерттеу дәстүрлі түрде екінші орынға қойылды. Алайда соңғы онжылдықта жағдай біршама өзгерді. Әсіресе Lakoff/ Johnson метафор және тілдің когнитивті аспектілерін зерттеудің концептуализациясы бойынша өзінің ықпалды жұмысын жариялағаннан кейін Лингвистикада кеңінен таралған. Әлемнің қабылдауын қалай құрылымдайтынымызды терең түсіну метафор және метонимия ретінде когнитивті феномен ретінде қарастырылуы тиіс деген қорытындыға әкелді.

**Түйін сөздер:** метонимия, метафора, метонимикалық қатынастар, концептуализация.

*Мамырбаева М.З.<sup>1</sup>*

*КазНПУ имени Абая,*

*<sup>1</sup> ст.преподаватель, магистр лингвистики*

## **ЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР ПОНЯТИЯ МЕТОНИМИИ**

*Аннотация*

На протяжении веков изучение метонимии и метафоры рассматривалось исключительно как вопрос стиля и риторики. Кроме того, исследование метонимических отношений традиционно ставилось на второе место после феномена метафоры. Однако за последние десятилетия ситуация немного изменилась. Особенно после того, как Lakoff/ Johnson опубликовали свою влиятельную работу по метафоре и концептуализации исследования когнитивных аспектов языка получили более широкое распространение в лингвистике. Более глубокое понимание того, как мы структурируем наше восприятие мира привело к выводу, что как метафора и метонимия, должны рассматриваться как когнитивные феномены.

**Ключевые слова:** метонимия, метафора, метонимические отношения, концептуализация.

As such they illustrate the fact that “fundamental cognitive abilities and experientially derived cognitive models have direct and pervasive linguistic manifestations” and, conversely, that by ways of examining language we can analyze important aspects of the way our mind is structured [2.1]. This view of metonymy is clearly opposed to the traditional one, both of which I will present in more detail in the following.

Metonymy was traditionally regarded as a figure of speech that involves a process of substituting one linguistic expression for another, i.e., metonymy was viewed as a relation in which one linguistic expression “stands for” another. The best-known cases of metonymy in this traditional sense are expressions that are used for the purpose of indirect referring. For example, there was a convention that the referential noun-phrase

(1) the White House- could be used to refer to the executive branch of government of the US, a spokesperson of that branch, or even the President himself but was not synonymous with any of these.

More recently, with the advent of cognitive linguistics, it has been recognized that the traditional view of metonymy was too narrow and that metonymy, like metaphor, is a conceptual tool that operates with relations between entities rather than with substitutions. In cognitive theory, these relations have been described within “idealized cognitive models” (ICM). These play a fundamental role in the cognitive approach and will be referred to below.

Metonymy as a bright symbolic trope, remains as descriptive category . It creates and strengthens visually notable representations, being at the same time way not the direct, but indirect characteristic of the phenomenon. Unlike comparison the metonymy sweeps aside all accompanying signs, clearing, typifying the main sign for the given situation. According to "The linguistic encyclopedic dictionary" a metonymy – trope or the speech mechanism consisting in regular or occasional transfer of a name from one class of

